

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Бағыты: Заңтану

Шифрі: 6M030100

Пән: ҚР прокуратура органдары қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері

КІРІСПЕ

Құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғамды құру жөніндегі Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясында айтып өткендей «Азаматтардың Конституция мен еліміздің заңдарын орындауын қамтамасыз ету – құқық қорғау органдарының міндеті» болып табылады. (Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2006 ж. 1 наурыз) [1].

Сондықтан, заң шығарушының Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің баптарында жазаны атқарушы органдар әкімшілігінің заңдардың сақталуын қадағалауды Бас прокурор мен оған бағынышты прокурорларға жүктеуі кездейсоқ емес [2].

Бұл тақырыптың **өзектілігі** алдын – ала тергеуді прокурорлық қадағалау мәселесінде заңдылықты болдырмау жақтарын анықтау болып табылады. Заңнамаларда алдын – ала тергеуді тоқтату түсінігі жоқ, сол себептен ғылымда жалпы осы мәселенің маңызды болуын талап етеді. Соңғы жылдардағы әлеуметтік – саяси және экономикалық өзгерістер заңдары батыл түрде өзгертіп, Конституциядағы көрсетілген құндылықтарға негізделіп жасауды талап етуде.

Ұлттық құқықты қалыптастыру жағдайында Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әрбір бабын анықтап, ондағы кемшіліктерді жоя отырып, дұрыс қолдана білуге дағдыландыру.

Құқықтық экономикаға өтуге байланысты тәжірибеде алдын – ала тергеуде прокурордың өкілеттілігі мәселесінде заңдылықты бұзуға әкеп соғуда.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының жай – күйі туралы айта келіп, профессор В.М. Савицкий ҚІЖК – ін жанап – жасқан адам әрі жетілдіру енді тиімді бола алмайды деп көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы бұл диплом жұмысты тұңғыш рет кешенді түрде жүйелі зерттелініп отыр. Жұмыста алдын – ала тергеуді тоқтату түсінігі мен оны процессуалды тәртібі, тоқтатылған қылмыстық іс жүргізуде дәлелдемелердің әрекеттері, қылмыстық іс жүргізу мерзімдерінің ұғымы, маңызы және түрлері диплом жазушы тарапынан саралауға түсіп, өзіндік ой – тұжырымға, бағалауға ие болды. Алдын – ала тергеуді тоқтатылған қылмыстық істер бойынша анықтау органдарының саласындағы өзара қатынастары айқындалды. Тергеушінің алдын – ала тергеуді тоқтата тұрғаннан кейінгі іс – әрекеті айқындалды.

Диплом жұмысын жазудағы автордың негізгі **мақсаты**: алдын – ала тергеу мен анықтау жүргізуді прокурордың қатысуының негізгі себептері және процессуалды тәртібін анықтау болып табылады. Қылмыстық істер бойынша алдын-ала тергеу барысында кейде түрлі жағдайлар туындайды, соған байланысты тергеу барысын жалғастыру мүмкін емес, ол жағдайларда қылмыстық істер жүргізу құқық нормалары қолданылады.

Прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы және оларды ұйымдастыру

ҚР прокуратура органдары жүйесінің ұғымы

Қадағалау функцияларын іске асыратын бөлімшелер мен лауазымды адамдар прокурорлық қадағалау органдарының бір жүйесінде біріккен. Сондықтан прокуратура органдарының жүйесі және прокурорлық қадағалау органдарының жүйесі деген әртүрлі ұғымдар бар. Соңғысы - прокуратура органдары жүйесінің бөлігі. Прокуратура тек қадағалау функцияларын ғана емес, сондай-ақ қылмыстық қудалау, құқық қорғау органдарының қызметтерін үйлестіруді орындайды, сотта мемлекет мүдделерін және т.б. білдіреді.

Прокуратура органдарының жүйесі туралы мәселелерді қарастыра отырып, жүйе деп өзара байланысты және тұтас бірлікті білдіретін көптеген элементтерді атайтынын атап ету керек. Осыған байланысты прокуратура органдарының жүйесі тек оның органдарын құрайтын жиынтық ғана емес, сондай-ақ құрылымдағы алатын орны, өзара қарым-қатынасы, олардың ұйымдастыру байланыстары мен басқару қатынастары деп түсінуіміз керек.

Прокуратура органдарының жүйесі мынадай аудандық, қалалық, облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралардан, сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасы сияқты звенолар мен деңгейлерден тұрғандықтан оның ұйымдастыру құрылымындағы басшылық сатысы мен басқару сатысын ажырата білу керек. Осы жағдайда прокуратура органдарының басқару құрылымы негізінде үш бөлімді деп қабылдауға болады.

Прокуратура органдары қызметтері міндеттерінің күрделенуі, мамандандыруды дамыту ұйымдасқан құрылымның функциональдық дамуын ескертеді. Мұндай құрылымның құрамды элементтері белгілі бір қызметтің белгілі бір түрінде мамандандырылған органдар, бөлімшелер, құрылымдық бірліктер болып табылады. Оларға арнаулы объектілермен немесе прокурорлық қадағалаудың жеке салалары шегінде анықталатын прокурорлық қадағалауды іске асыратын табиғатты қорғау, көлік және басқа прокуратуралар жатады[20].

Функциональдық құрылымын құрайтын элементтерден басқа аудан және Қала прокурорларының көмекшілері және аға көмекшілері, прокурорлар, облыс прокурорлары, бөлімдердің және басқармалардың аға прокурорлары, Қызметтің негізгі бір түрімен өзара байланысты және біріккен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының департаменттер мен басқармалар, бөлімдердің көмекшілері мен аға көмекшілері.

Бірбағытты басшыларға аудандардың, қалалардың прокурорлары, облыс прокурорлары, мамандандырылған прокуратуралардың прокурорлары, ҚР Бас прокуроры және олардың орынбасарлары жатады. Функциональдық басшыларға облыс прокурорларының көмекшілері және аға көмекшілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокурорының көмекшілері мен аға көмекшілері.

Прокуратура органдарының басқару құрылымына белгілі ерекшеліктерді басқарма (департамент) және бөлім прокурорлары мен аға прокурорларының, ҚР Бас прокуратурасы және облыс прокурорларының қызметтері енгізеді. Бір қарағанда, олар тек прокурорлық қадағалаудың белгілі бір саласы бойынша ғана мамандар болып табылады және содан соң ғана олар еңбек етіп жатқан бөлімшелер бастықтары тапсырған кейбір басқарма функцияларын орындайды.

Екінші ұйымдастыру-басқару байланыстарына реординация (қайта тәртіпке келтіру) қағидаттары негізіндегі байланыстар жатады. Прокуратураның ұжымы тұтасымен немесе оның бөлімшелері және жеке қызметкерлері басқару қатынастарын тудыруға, реттеуге және бұзуға және прокуратура органдарының мақсатты қызметіне маңызды әсер ететін қызметтерінің ішкі міндеттері мен мақсаттары, талап етушіліктері мен мүдделері болады. Мұндай жағдайда басқарудың субъектісі мен объектісі арасында "төмен-жоғары" түріндегі байланыстардың туындауын сипаттайтын кері әрекеттер болуы мүмкін. Нақты шешім қабылдаудың бастамашысы төменгі тұрған прокурор болған кезде осындай

әрекеттердің туындауы мысал болады. Жанама түрде бұл заңда белгіленген олардың қызметтерінің кейбір бағыттары бойынша төменгі тұрған прокуратуралар өкілеттіліктерінің мазмұнымен дәлелденеді. Әсіресе мұндай ұйымдастыру қатынастар прокуратураға немесе бөлімшелерге бейресми басқару құрылымдары қатты әсер еткенде байқалады[21].

Прокурорлық қадағалау органдары жүйесінің ұйымдастыру құрылымдарында қолданылатын байланыстардың үшінші түрі "субъект-субъект", "объект-объект" түріндегі байланыс. Байланыстың бұл түрі басқару субъектілері мен объектілерінің үйлестіру қағидаттары немесе әрекет етуілеріне негізделген. Мұндай байланыс оның элементтерін құрайтын ерікті әрекет ету есебінен прокуратура органдары жүйесінің жеке бөлімдерінің өзара әрекеттерін қамтамасыз етеді. Осындай әрекет етуге негізгі жағдай жасайтын факторлары бірлескен құндылығы болып табылады. Олардың өздері прокуратура органдарының бір-біріне бағынышты емес бөлімшелері немесе жеке қызметкерлердің белгіленген бағытта қимыл жасауларына, прокуратура органдары жүйесінің алдына қойылған міндеттерді шешуге мәжбүрлейді.

Байланыстың осы түрінде прокуратура органдарының бір-біріне бағынышты емес лауазымды адамдардың арасындағы, аудандық және калалық прокуратуралардың, облыстық прокуратура органдарының ішкі бөлімдері мен басқармаларының (департаменттерінің), Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы аппаратының арасындағы өзара қарым-қатынастар жасалады.

Заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті, Жарлықтарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жалпы қадағалауды прокуратураның құқықтық актілерін шығару арқылы жүзеге асырылады.

Прокуратураның құқықтық актілері екі топқа бөлінеді:

1. прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс, заңға түсіндірме;
2. прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар құрайды.

Прокурор Қазақстан Республикасының Конституциясына заңдарына және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық жасайды.

Наразылық оны шығарған органға немесе жоғары тұрған органға беріледі. Лауазымды адамның заңсыз шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық нақ осындай тәртіппен жасалады.

Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам 10 күнде қаралуға тиіс. Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын күні туралы прокурорға хабарлауға міндетті.

Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды немесе оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

Прокурор наразылық жасалған актінің немесе іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға құқылы. Заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

Прокурор өз құзыреті шегінде мынандай жағдайларда ұсыныс енгізеді:

1. заңдылықты бұзуды болдырмау туралы;
2. қылмыс жасауға және басқа тәртіп бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы;
3. ҚР-сы Конституциясына сәйкес қол сұғылмау құқығы бар адамдарды одан айыру мәселелері бойынша;
4. заңмен тыйым салынбаған басқа да жағдайларда.

Ұсынысты лауазымды адам немесе орган заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оларға, ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы шараларды міндетті түрде қабылдай отырып, бір айда қарауға тиіс.

Прокурор ұсынысты қарауға қатысуға құқылы. Ұсынысты қараудың нәтижелері және қолданылған шаралар туралы прокуратураға хабарланады.

Заңның бұзылу сипатына қарай прокурор қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөнінде қаулы шығарады.

Прокурор заңның қолданылуына тексеру жүргізу туралы, заңсыз құқықтық актіні алдырып тастау, қарау, арест салу туралы, тыйым салу, шектеу сипатындағы шараларды жою немесе алып тастау туралы, күшін тоқтата тұру туралы, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату туралы, жеткізу (күштеп әкелу) туралы, сондай-ақ заңда көзделген басқа да реттерде қаулы шығарады.

Прокурордың қаулысын уәкілетті орган немесе лауазымды адам заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының жүйесін Бас прокуратура облыс прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа да арнайы прокуратуралар құрайды.

Арнайы прокуратураларды ұйымдастыру мен қызметін жүргізудің қажеттілігі арнаулы саладағы спецификалық заңдардың сақталуы қажеттілігінен туындаған.

Арнайы прокуратуралардың органдары жалпы республикалық прокурорлық жүйенің ажырамас элементі болып табылады.

Қазіргі кезде қызмет жүргізетін арнайы прокуратуралардың екі тобы ажыратылады:

1. Әскери, көліктік прокуратуралар (өз саласында прокурорлық қызметтің барлық түрлерін жүргізеді).

2. табиғатты қорғау прокуратурасы

Арнайы прокуратуралардың қызмет етуі –құқықтық қатынастардың спецификалық салаларында аумақтық қағиданың жүзеге асырылуының негізгі нысаны болып табылады.

Арнайы прокуратуралар басқа аумақтық прокуратуралардың қызметін ауыстыра алмайды.

Әскери, көліктік және табиғатты қорғау прокуратураларын құру құқықтық қатынастың спецификалық салаларындағы үнемі қажеттіліктен туындаған.

Арнайы прокуратураларды құру жүйелілік қағидасына сәйкес қызмет етуі қажет, себебі олар біркелкі прокуратура органдарының жүйесін құрайды.

Әскери прокуратураны Бас әскери прокуратура басқарады ол ҚР-сы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімі болып табылады.

Әскери прокуратураның органдары ҚР-сы Қарулы күштерінің қағидаларына сәйкес құрылады. Бас әскери прокуратура органдары: әскери округ прокуратуралары, шекара қызметінің әскери прокуратурасы, гарнизон прокуратурасы. Әскери прокуратураның барлық органдарын ҚР-сы Бас прокурорының орынбасары Бас әскери прокурор басқарады.

Әскери прокуратураның құрылымын және штатын ҚР-сы Бас прокуроры белгілейді.

Бас әскери прокурор Бас прокурордың ұсынысымен қызметіне тағайындалады және босатылады (5 жылға тағайындалады). Әскери прокурор жоғары тұрған прокурорға және Бас прокурорға бағынышты болады.

Әскери прокуратураның құзыреті әскери басқарманың барлық органдарына тиісті болады (әскери бөлімдер, әскери мекемелер, әскери-оқу орындары, қорғаныс министрлігінің бөлімдері, республикалық шекара).

Әскери бөлімдер прокуратурасы. Жабық аумақтық-әкімшілік бірліктерде әрекет етеді.

Әскери бөлімдер прокуратурасының органдары арнайы режимдегі объектілерде жасалған қылмыстар туралы барлық істерді қарайды.

Табиғат қорғау прокуратуралары аумақтық прокуратуралар экология саласында барлық міндеттерді орындай алмағанда құрылады. Табиғат қорғау прокуратураларды облыс прокуратуралардың негізінде құрылады және әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес заңдардың нақты орындалуына прокурорлық қадағалау жүргізу мемлекеттік қызметтің дербес саласын құрайды.

Прокурорлық қадағалау пәнінің жүйесі: жалпы және ерекше бөлімнен тұрады.

Жалпы бөлемде: прокуратура органдарының жүйесі, құрылымы, прокуратура органдарының қалыптасу тәртібі, прокурорларға қойылатын талаптар реттеледі.

Ерекше бөлімде: прокурорлардың қадағалау және басқа салалардағы өкілеттіктері, мақсаттары мен негіздері көрсетіледі.

Заңдардың нақты, біркелкі орындалуын қадағалау прокуратура органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Прокуратура осы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Мемлекеттің заңдылықты нығайтудың негізгі мақсаты мынада:

1. ағымдағы заңдылықты одан әрі нығайту мен кеңейту.
 2. жалпы мемлекеттік және құқықтық заңдылықтың сақталуына кепілдік беруді нығайту.
 3. сот, прокуратура, ішкі істер мен құқық қорғау органдарының қызметтерін нығайту бойынша шаралар қабылдау.
 4. қылмыстылық пен басқа да құқық бұзушылық әрекеттерге қарсы күресті нығайту.
- Осы аталғандар, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен заңдылықтың нығаюына ықпалын тигізеді.

Прокуратура ұғымы латынның (**procuro**)- қамтамасыз етемін алдын-аламын деген сөзінен шыққан.

Прокуратура органдарының мақсаттары ҚР-ң «Прокуратура туралы» заңында нақтыланған. Прокуратура органдарының негізгі мақсаты:

1. заңның жоғарылығын (верховенство) қамтамасыз ету.
2. заңдылықты нығайту;
3. адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
4. қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғау.

Жалпы қадағалау саласындағы прокуратураның мақсаты: мемлекеттік органдардың шығарған құқықтық актілері ҚР-ң Конституциясы мен басқа да заңдарына, ҚР-ң Үкіметінің қаулыларына сәйкес келуі қажет.

Алдын-ала тергеу органдарының заңдарды орындауын қадағалау саласындағы мақсат:

1. әрбір қылмыс тез және толық ашылу қажет
2. қылмыс жасаған әрбір тұлға жауаптылықтан босатылмауы қажет
3. қылмыс жасады деп күдікті адамдарды ұстау заңда көзделген негіздерде және тәртіппен жүргізілуі тиіс
4. ешкімнің заңсыз және негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылуға немесе құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
5. ешкім прокурордың санкциясының немесе сот шешімінсіз бостандығынан айырылмайды.
6. қылмыстық істердің заңда көрсетілген тәртіппен қозғалуы қажет.

Соттардың қылмыстық істерді қарауда заңның орындалуын қадағалау сатысында ҚР-ң Бас прокуроры мен оның орынбасарларының алдында келесі сипаттағы мақсаты бар: барлық сот инстанцияларында қылмыстық істердің жан-жақты, толық, объективті және

уақытылы қарастыруын қамтамасыз ету; қылмыстық істер бойынша жоғары кәсіби айыптау қызметін көрсету; әрбір қылмыстық іс бойынша заңды негізделген үкім шығару үкімдердің уақтылы және дұрыс орындалуы.

Үкімдердің орындалуы сатысында прокурорлардың мақсаты мынадай: сотталғандарды тиісті режимдегі колонияларға жіберуді қадағалау; сотталғандардың жазаны өтеу кезінде режимнің талаптары мен заңдылығын сақтау, түзеу мекемелерінің әкімшілігі шығарған құқықтық актілердің негізділігі мен заңдылығын қамтамасыз ету, заңмен анықталған сотталғандардың құқықтары мен міндеттерін сақтау, сотталғандарды уақтылы және негізімен жазаны өтеуден босату.

Азаматтық іс жүргізуде прокурорлық қадағалау жүргізудің мақсаты: азаматтық іс бойынша зерттеуді жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Прокуратура қызметін ұйымдастырудың қағидалары мынадай:

1. Прокуратура органдарының бірлігі-ҚР-ң Бас прокуратурасы және оның органдары бірыңғай мемлекеттік жүйені құрайды.
2. ҚР-ң прокуратурасы өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың саяси партиялары мен басқа да қоғамдық бірлестіктерге тәуелсіз түрде жүргізеді.
3. Прокуратура органдарының қызметіне заңнан тыс жағдайда арласуға жол берілмейді.
4. Прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтарға міндетті болады.

Прокуратура органдарының жүйесін Бас прокуратура облыстық прокуратура, республикалық маңызы қалалық прокуратура, ауданаралық аудандық, қалалық, әскери прокуратура құрайды.

ҚР-ң Бас прокуратурасын Бас прокурор басқарады.

Бас прокурордың бірінші орынбасарымен орынбасарлары болады.

Бас прокуратураның құрылымы мен оның қызметкерлерінің құзыреті Бас Прокурормен анықталады.

Бас прокуратура:

1. республиканың прокуратура органдарының қызметінің негізгі бағыттарын координациясын қамтамасыз етеді.
2. республикадағы заңдардың орындалуын заңдылықтың сақталуын қадағалау практикасына анализ жүргізеді.
3. прокурорлық қадағалауды жоғарлату үшін ұсыныстар береді.
4. республиканың прокуратура органдарының қадағалау жүргізудегі заңдарды сақтауын бақылайды.
5. республиканың басқа құқық қорғау органдарымен қарым-қатынас жүргізеді.
6. кадрлардың квалификациясын жоғарлатумен айналысады.
7. норма шығарушылық қызметке қатысады.
8. халықаралық қатынастарда прокуратура органдарын ұсынады.

ҚР-ң Бас прокурорының құзыреті:

- 1) Республика аумағында заңдар мен Президент жарлықтарының орындалуына қадағалау жүргізеді, төменгі тұрған прокуратуралардың қызметін басқарады.
- 2) Конституциямен заңдарға қайшы келетін құқықтық актілерге наразылық білдіреді, наразылықты сол актіні қабылдаған органға және лауазымды тұлғаларға ібереді.
- 3) Бас прокурор Жоғары сот кеңесінің мүшесі болып табылады.
- 4) ҚР-сы прокуратурасының қызметі мен ұйымдастырылуы мәселелерін реттейтін бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулар мен ережелер қабылдайды. Олар прокуратура органдарының барлық қызметкерлеріне міндетті болады.

Бас прокурор өз құзыреті шегінде келесі нормативтік актілерді қабылдайды.

1. ҚДЖК-ң нормалары мен жедел іздестіру қызметі бойынша заң нормаларының қолданылуы туралы;

2. құқықтық статистика субъектілерінің барлығына міндетті болатын құқықтық статистика мен арнайы есепке алу мәселелері бойынша;
3. прокуратура органдарын құрады, қайта құрады және жояды, Прокуратура органдарының құрылымын, құрылымдық бөлімдердің құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

Облыс прокуратурасы

1. облыстық прокуратураны президенттің келісімімен Бас прокурор тағайындаған прокурор басқарады. Ол 5 жылға тағайындалады.
2. Облыс прокурорлары мен оған теңестірілген прокурорлардың бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Облыс және оған теңестірілген прокуратуралардың басқармалары мен бөлімдері болады. Басқарма және бөлім басшылары аға көмекшілер мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлар қызметі бекітіледі.

Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар облыстық қалалық, аудандық прокуратурадағы прокурорлық қадағалауды қамтамасыз етуге байланысты қызметке басшылық етеді. Олар бұйрық, нұсқау, өкімдер шығарады.

Қалалық және аудандық прокуратураларды ҚР-ң Бас прокуроры тағайындаған прокурорлар басқарады. Олардың аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Қалалық және аудандық прокуратураларда бөлімдер құрылуы мүмкін.

Прокуратура органдарындағы коллегиялық (алқалылық)

Алқалар (коллегиялар) Бас прокуратура мен облыс прокуратураларында құрылады.

Алқалар мәжілістерінде прокуратура органдарының қызметі туралы мәселелер қаралады.

Алқаның шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен қабылданады.

Алқа шешімдері бұйрық арқылы жүзеге асырылады және прокуратура органдарының қызметкерлеріне міндетті болып келеді.

Алқа жұмысының регламенті мен алқа мүшелерінің мәртебесі ҚР-ң Бас прокурорымен анықталады.

Конституция мен заңдардың жоғарлығын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында, Конституция, заңдармен ҚР Президентінің Жарлықтары мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің қолданылуына жоғарғы қадағалау жүргізе отырып, прокуратураның негізгі бағыттары мынадай:

1. Конституция, заңдар мен Президент актілерінің бұзылған нормаларын анықтау және қалпына келтіру бойынша шаралар қолдану.
2. Жедел-іздістіру қызметінің, анықтау және тергеу қызметінің әкімшілік және атқарушылық өндірістің заңдылығына қадағалау жүргізу.
3. Сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді.
4. Конституция мен Республика заңдарына қарама-қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді.
5. заңда белгіленген тәртіп және шекте қылмыстық жауапкершілікке тартады.
6. мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады. Мұндағы негізі мақсат статистикалық ақпараттың объективті және жеткілікті болуын қамтамасыз ету.

Прокуратураның талап етуі бойынша органдар мен лауазымды тұлғалар міндетті:

1. коммерциялық, банктік құпияны сақтай отырып, қажетті материалдар мен ақпаратты беру;
2. тексеруге қатысуға және қорытынды беруге мамандар беруге;
3. прокурорлардың қадағалау қызметін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдану.

Өз құзыреті шегінде прокурордың берген тапсырыстары анықтау және тергеу органдарына міндетті болып келеді.

Талап етілетін ақпарат прокурордың бекіткен мерзімінде, заңда бекітілген талаптарға сәйкес беріледі.

Прокурорлар өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардық офистеріне кедергісіз кіруге құқылы. Ол органдардың басшылары тексеру бойынша прокурорларды тез арада қабылдауға міндетті.

Лауазымды тұлғалар мен азаматтар прокурордың талап еткен мерзімінде түсінік беру үшін келуге міндетті. Шақырту жазбаша шақырту қағазымен шақырылып, қол қойдырылады. С.к. шақырту телефонграмма, телеграмма немесе басқа да байланыс құралдары арқылы берілуі мүмкін.

Прокурордың заңды талаптарын орындамау немесе себепсіз келмеу ҚР-сы заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады. Прокурор өз құзыреті шегінде қаулыны орындаушыларға оны мәжбүрлетіп орындатуға құқылы.

Прокурор өз өндірісіндегі материалдарды көруге және олар туралы мағұлмат беруге құқылы.

Прокуратура органдары адам мен азаматтың, заңды тұлға құқықтары мен мүдделерін бұзатын кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

Егер тұлға өзінің физикалық психикалық кемшіліктеріне байланысты өз құқықтарын қорғай алмаса, онда прокуро ол құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

С.к. прокуратура органдары адам мен азаматтың құқықтары мен мүдделерін, заңды тұлға мен мемлекеттің мүдделерін қорғау бойынша міндеттерін орындамайтын лауазымды тұлғаларды жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қолданады.

Прокуратура органдарына жасырын (анонимді) түрде келген ақпарат тексерілмейді, бірақ прокурор азамат мүддесі үшін ол ақпаратты жариялауға құқылы.

Прокурордың әрекеті мен актілеріне жоғарғы тұрған прокурорға немесе сотқа жүгінуге болады. Сот немесе жоғары тұрған прокурор арыз (шағым) бойынша шешімді шығарғанша прокурордың әрекеті немесе актілері тоқтатылуы мүмкін.

Жоғары тұрған прокурор азаматтардың және заңды тұлғалардың шағымы немесе өз ұсынысы бойынша төменгі тұрған прокурордың актілерін кері шақыртып алуға құқылы.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүддесінің сақталуына қадағалау жүргізу саласындағы прокурорлық қадағалаудың негізгі мәні- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының заңдар, нормативті-құқықтық актілерге сәйкес қамтамасыз ету.

Жедел-ізвестіру қызметіне қадағалау жүргізудің мәні- жедел-ізвестіру қызметі кезінде, ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау.

Анықтау және тергеу кезіндегі прокурорлық қадағалаудың мәні- ешкімнің заңсыз және негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылуға немесе құқықтарын шектеуге жол бермеу.

Әкімшілік өндірістің заңдылығына қадағалау жүргізудің мәні- әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың дәлме-дәл және біркелкі орындалуын қамтамасыз ету.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалау жүргізудің мәні- жазаны өтеу және мәжбүрлеу шараларын жүргізуде бас бостандығынан айырылғандардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау.

ҚР прокуратура органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы прокурорлық жүйенің жоғарғы бөлігі болып табылады және барлық прокуратура органдарына және оның мекемелеріне басшылық жасайды. Бас прокуратураны Заңның 12-бабына сәйкес Қазақстан

Республикасы Бас прокуроры басқарады. Оның Қазақстан Республикасы Бас прокурорының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші орынбасары мен орынбасарлары болады. Бас прокуратурада төрағасы Қазақстан Республикасы Бас прокуроры және мүшелері: бірінші орынбасары және орынбасарлары (лауазымына қарай), Қазақстан Республикасы Бас прокуроры тағайындаған басқа прокурорлық қызметкерлер болып табылатын құрамда Алқалар ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымын аға көмекшілері болып табылатын бастықтар басшылық ететін департаменттер, басқармалар және бөлімдер құрайды. Қазақстан Республикасы Бас прокурордың ерекше тапсырмалар жөніндегі кеңесшілері мен көмекшілері болады. Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры орынбасарларының да көмекшілері болады.

Департаменттерде, басқармаларда және бөлімдерде аға прокурорлар және прокурорлардың лауазымдары көзделген.

Әрбір бөлімшелерде прокурорлық қадағалау бағыттарының анықталған заңдары есебімен прокурорлық жүйенің функцияларынан шығатын міндеттерді шешеді және орындайды.

Бас басқару құқығында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымына Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары болып табылатын Бас әскери прокурор басқаратын Бас әскери прокуратура кіреді.

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 б. 5-тармағына сәйкес Бас прокуратура:

1) Республика прокуратура органдарының іс-қимылдарын олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша үйлестірілуі мен орайластырылуын қамтамасыз етеді;

2) Республикада Заңдардың орындалуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасына талдау жасайды;

3) прокурорлық қадағалауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) Республика прокуратура органдарының заңдардың орындауын қадағалау жөніндегі жұмысын бақылайды;

5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-іздігіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;

б) кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) норма шығарушылық қызметіне қатысады;

8) халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді[22].

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры.

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының барлық жүйесін және мекемелеріне және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына тікелей басшылық жасайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры прокуратура органдарының қызметіне басшылық жасайды және олардың жұмысына бақылау жасауды іске асырады.

Прокуратура органдары мен мекемелерінің қызметкерлеріне міндетті түрде орындау үшін ҚР прокуратура жүйесі қызметтерінің ұйымдастыру мәселелерін және көрсетілген қызметкерлердің материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етілуін іске асырудағы тәртібін реттейтін бұйрықтарды, нұсқаулықтарды, екімдерді, ережелерді, нұсқауларды шығарады. Қазақстан Республикасы Бас прокуроры бөлінген штаттық құрам және еңбек ақы төлеу қоры шегінде Қазақстан Республикасы прокуратуралар мекемелері мен бағынышты прокуратуралардың штаты мен құрылымын белгілейді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры департаменттер, басқармалар және бөлімдер бастықтарын және олардың орынбасарларлық кеңесшілерін Бас прокурордың ерекше тапсырмалары бойынша көмекшілерді және олардың орынбасарларлық аға

прокурорларды және департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің прокурорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы жүйесінің барлық буындарының прокурорларын да ҚР Бас прокуроры қызметке тағайындайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры Прокуратура туралы Заңға сәйкес прокуратура органдарына жүктелген міндеттердің орындалуына жауап береді. Жыл сайын ҚР Президентіне заңдылықтың жай-күйі елдегі құқықтық тәртіп туралы, оларды нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуроры болмаған кезде немесе өз міндеттерін орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда оның міндеттерін бірінші орынбасары орындайды. Егер ол да болмаған жағдайда немесе қандай да себептермен ҚР Бас прокурорының міндеттерін орындау мүмкін болмағанда, оның орынбасарларының біреуіне жүктеледі.

Аумақтың прокуратуралар аумақтық құрылымдар мен аумақтық бөлінулерге сәйкес құрылған. Әрбір облыста атауы көбінесе облыс атауымен аталатын прокуратуралар бар. Бұдан басқа, облыс прокуратуралары құқығындағы Астана қаласы мен Алматы қаласы прокуратуралары, мамандандырылған прокуратуралар жұмыс істейді.

Облыс прокуратурасы мен оған теңестірілген прокуратураларды Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Қазақстан Республикасы Бас прокуроры тағайындаған прокурор басқарады. Облыс прокурорларының Қазақстан Республикасы Бас прокуроры тағайындаған бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары болады.

Облыс прокуратуралары мен оған теңестірілген прокуратуралардың өз құрылымдарында мекемелердің, ұйымдардың, өз деңгейіндегі (яғни, республикалық, облыстық және т.б.) лауазымды адамдардың заңдарды орындауын қадағалауды және қалалардың, аудандардың және Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық өзге де бірліктердің қызметтерін бақылауды іске асыратын басқармалары мен бөлімдері болады.

Аумақтық прокуратуралардың төменгі звенолары қалалық және аудандық прокуратуралар болып табылады. Аймақтық прокуратуралардың қатарында құзыреті екі ауданға немесе аудан және облысқа бағынышты қала прокуратураларына тарайтын ауданаралық прокуратуралар жұмыс істейді.

Барлық аумақтық прокурорларды облыс прокурорларының ұсынымдары бойынша 5 жыл мерзімге Қазақстан Республикасы Бас прокуроры тағайындайды[23].

Аудандар мен қалалар прокуратураларындағы жұмыстары аса көп көлемді прокурорлардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады.

Аудандың прокурор (қалалық)

Аудандық және қалалық прокуратураларды, оларға теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокуратураларды тиісті прокурорлар басқарады. ҚР Бас прокуроры оларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Олар Қазақстан Республикасы Бас прокурорына және жоғарғы прокурорларға бағынышты және есеп береді. Олардың міндеттеріне бағынышты көмекшілердің, тергеушілердің жұмысына басшылық жасау, олардың барлық бағыттарын қадағалауды іске асыру және қылмыстық және азаматтық істерді сотта қарауға қатысу жатады. Аудандық бөлінудегі қалалардың прокурорлары аудандық және оларға теңестірілген прокуратуралардың қызметтеріне басшылық жасайды, жоғарғы тұрған прокурорға өз аппараттарымен бағынышты прокуратуралардың штаттық құрамын өзгерту туралы, кадрлық өзгерістер туралы ұсыныстар енгізеді.

Кез келген деңгейдегі прокурор өз өкілеттігі ішінде өз еркі бойынша қызметтен босатылуы мүмкін: қызметтен кетуге байланысты; басқа жұмысқа ауысуына байланысты; денсаулық жағдайы бойынша; міндеттерін орындай алмауына байланысты; аттестация нәтижесі бойынша; сот үкімімен белгіленген заңды күшіне енетін қылмыстарды жасаған кезде; Еңбек туралы ҚР заңында кезделген басқа негіздер бойынша[24].

Мамандандырылған прокуратураларға әскери, көлік (төмір жол, су, әуе көліктерінде), табиғатты қорғау және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқарушы жүйесінің (колония және түрме) түзету мекемелерінде заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі прокуратуралар жатады.

Әскери, көлік және табиғатты қорғау прокуратуралары аудандық және облыстық прокуратураларға теңестірілген болып бөлінеді. Осы мамандандырылған прокуратуралардың төменгі звеносы тиісті жоғарғы прокуратуралардың бағыныштылығында болады. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының жүйесінде облыстық прокуратуралар құқығында: Оңтүстік-Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстан аймақтық көлік прокуратуралары жұмыс істейді.

Әскери прокуратура құрамын Бас әскери прокуратура, әскери округтік прокуратуралары, гарнизондар прокуратуралары, қала және аудан прокуратураларына теңестірілген біріккен және қосылған әскерлер жатады.

Көлік прокуратуралары төміржол басқармасының құрылымына және көліктер жүйесіне сәйкес, сондай-ақ көліктегі (желілі бөлімшелер, бөлімдер мен басқармалар) ішкі істер құрылымы есебінен ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасы Бас прокурордың бұйрығымен көліктік прокурорларға Көлік және коммуникациялар министрлігінің бөлімшелерінде, "Төмір жол" РМК", "Қазақстан әуе жолы" (автожол қызметтерін қоспағанда), өзен флотының қызметінде және оған жататын мемлекеттік кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кеден комитеті оның және органдарында заңдардың орындалуына қадағалау жүктелген.

Табиғатты қорғау прокуратуралары экологиялық заңдылықтардың орындалуын қадағалауды күшейту мақсатында құрылған Облыста прокуратура құқығында бір ғана - Каспий табиғатты қорғау прокуратурасы бар. Оның құрамына ауданаралық құқықтардағы әрбіреуі Каспий бассейнінің белгілі учаскелерінде экологиялық заңдардың орындалуын қадағалауды іске асыратын табиғатты қорғау прокуратуралары жатады. Дегенменде, бұл прокуратура таратылды.

Әскери бөлім прокуратуралары ҚҰР прокуратурасы жүйесінің төменгі буынына жатады, қалалық және аудандық прокуратуралар құқығында әрекет етеді. Сонымен қатар, әскери бөлімінің прокурорларына Қазақстан Республикасы Бас прокурор арқылы заңдардың орындалуына қадағалауды іске асыруға байланысты тікелей тиісті министрліктер мен ведомстволарға өтініш жасау құқығы берілген.

Әскери бөлімнің прокурорлары тікелей Қазақстан Республикасы Бас прокурорына бағынады. Оларды әскери бөлім прокуратуралар қызметін бақылау және ұйымдасқан басшылықты іске асыратын Бас прокуратураның ішкі әкімшілік департаментіне басшылық жасау және режимді объектілері жөніндегі Бас прокурордың аға көмекшісінің ұсынымы бойынша ҚР Бас прокуроры қызметке тағайындайды.

Түзеу мекемелерінде заңдардың сақталуын қадағалау жөніндегі прокуратуралар қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу және тәрбиелеу колонияларының, түрмелер, емдеу-сауықтыру мекемелерінің әкімшілігі қызметінде заңдылықты қадағалауды іске асырады. Осы мамандандырылған прокуратуралардың құзыреттері әртүрлі өзара шекаралас облыстардың аумақтарында орналасқан бірнеше түзету мекемелеріне таратылады. Түзеу мекемелерінде заңдылықтың сақталуын қадағалау жөніндегі прокурорлар аумағында мамандандырылған прокуратуралар орналасқан сол облыстың прокурорына бағынады.

Бас прокурор Институт директорын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. 2000 жылғы 13 қарашадағы № 1706 "Мемлекеттік қызметкерлерді оқыту концепциясы туралы" Үкімет қаулысын іске асыру, сондай-ақ прокуратура органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін және біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуроры:

1.Қазіргі кезеңде кадрлардың кәсіби шеберлігін жетілдіру және біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды прокуратура органдарының ең маңызды міндеттерінің бірі есептеуді талап етеді. Білімдерін үнемі жаңартып отыру жүргізіліп отырған

реформалардың тиімділігінің және прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымды міндеттерін тиісті орындаудың ең маңызды шарттары болып табылады.

2. Прокуратура органдары басшылары бес жылда бір рет біліктілігін арттыру міндетті курстарынан етуді белгіледі. Ал қалған қызметкерлер – үш жылда бір рет.

II тарау. Прокуратураның ұйымдастыру қызметтерінің қағидаттары және прокуратура органдары қызметтерінің құқықтық негіздері

2.1. Конституциялық қағидаттардың ұғымы мен мағынасы, олардың салалық қағидаттармен қарым – қатынасы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында мемлекетті ұйымдастыру қағидаттары белгіленді және оған сапалы сипаттама беріледі. Қазақстан Республикасы-мемлекеттің сапалы жағын сипаттайтын нақты конституциялық қағидаттарды қарастырайық.

Қазақстан Республикасы - құқықтық мемлекет [25]. Құқықтық мемлекет идеясының мағынасы мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың барлығы құқықтық нормаларға сәйкес қатаң түрде әрекет етеді, яғни мемлекетті құқық басқарады. Әдетте, құқықтық нормалар әртүрлі көздерді қамтиды, яғни біз құқықтың үстемдігі туралы айта отырып, заңның үстемділігін ұғынамыз.

Заңның мұндай рөлі мен орны бірқатар себептерге қатысты және оның ішінде ең басты негізгіге сүйенетін қоғамдық қатынастар заңмен реттеледі, олар арқылы құқықтық бастау қоғамдық өмірдің барлық саласында бекітіледі.

Құқықтық мемлекет идеясының мағынасы мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың барлығы құқықтық нормаларға сәйкес қатаң түрде әрекет етеді, яғни мемлекетті құқықтық басқарады.

Әдетте, құқықтық нормалар әртүрлі көздерді қамтиды, яғни біз құқықтың үстемдігі туралы айта отырып, заңның үстемділігін ұғынамыз. Заңның мұндай рөлі мен орны бірқатар себептерге қатысты және оның ішінде ең басты негізге сүйенетін қоғамдық қатынастар заңмен реттеледі, олар арқылы құқықтық бастау қоғамдық өмірдің барлық саласында бекітіледі.

Заңның үстемділігі - бұл жан-жақтылық, яғни мемлекетте реттелмеген аса маңызды қоғамдық қатынастар қалмауға тиіс, атқарушы билік органдарымен мұндай вакуумды толықтыруға болмайды. Ол, сондай-ақ заң ережелерінде бекітілген қоғамдық бастаулардың көз келген жағдайда да беріктігін білдіреді.

Құқықтық мемлекеттің көзқарасын, құқықтың үстемділігін тұтас алғанда, оның ішінде заң үстемділігін бекіту Конституцияның 34-бабында көрсетілген. Онда былай айтылған: "Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті".

Бұл адамдар, және сондай-ақ биліктің мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар және қоғамдық ұйымдар Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға міндетті.

Сонымен қатар, Қазақстан ауасыз кеңістікте емес, құқықтық қатынаста өмір сүріп отыр, осыған сәйкес өзінің заңдарын құқықтық қатынасқа және басқа мемлекеттерге танылытын халықаралық шарттардағы ережелерге сәйкестендіру керек. 4 б. 3 т. Былай белгіленген: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару, талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады».

Құқықтық мемлекетте мемлекет пен жеке адам өзара жауапты, яғни заңға сәйкес келмейтін өздерінің әрекеттеріне заңды түрде бірдей жауап береді, сондықтан азаматтар мен адамдардың құқықтарын қозғайтын және оның ішінде заң бұзушылықтары үшін жауапқа тартуды көздейтін нормативтік актілері жариялануға тиіс, егер олар жалпы мәліметтер үшін ресми түрде жарияланбаса, қолданылуға жатпайды.

Конституцияның 4 б. 4 т. былай жарияланған: «Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау, оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады».

Одан әрі 74 б. 2 т. Былай нақтыланады: «Адам және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілген деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолдануға жатпайды».

Қазақстан Республикасы - әлеуметтік мемлекет (1 -бап). Әлеуметтік дегеніміз қызметі қоғамның, қоғамдық ерлеудің жоғары әл-ауқатқа жетуге бағытталған мемлекет деп танылады. Мұндай қызмет мемлекеттің әлеуметтік саясатында айқындалады.

Қазақстан Республикасы - зайырлы мемлекет (1-бап). "Зайырлы мемлекет" термині осы мемлекеттің дінге қатысты ілөсуі. Дін, діни қауымдастықтар мемлекетпен байланыста болмағанда, оның сол бір немесе өзге саясаттары салаларындағы оның саясатына әсер етпегенде, мемлекеттік органдардың қызметтері мен білім жүйесіне және т.б. араласуға құқықты болмағанда мемлекет зайырлы деп аталады. Айтылғандар мемлекет атынан шіркеу бөлімдерінде және мемлекеттік білімнің зайырлы сипатында қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының біртұтас жүйесі Қазақстан республикасының көп ұлтты халқының мемлекеттік еркіндігі болып түсіндіріледі. Референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы мемлекеттік органдардың жүйесін және олардың атауларын бекітеді. Онда Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің бірден-бір бастауы халық және егемендігі болып табылады. Ол билікті тікелей, сондай-ақ мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік еркіндігі басқа қалғандарына қарағанда бірінші орында тұратынын атап көрсетеміз. Сол ғана мемлекеттің біртұтастығын және оның мемлекеттік органдарының біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Билікті бөлу қағидаты өз функцияларын жүзеге асыра отырып, осы үшін арнаулы органдар құратын және осы үшін арнаулы органдар құрады және оларға қажетті құзыреттер бере отырып, мемлекеттің функцияларына негіздейді. Билікті бөлу тыйым салуда да байқалады, орган үшін басқа органға тиісті функцияларды іске асырады. Сондай-ақ, билікті өзара бақылау және шектеу өте қажет.

Аталған шарттардың сақталуы кезінде Қазақстан Республикасының органдар жүйесі анық және қалыптасқан механизм ретінде жұмыс істейді. Бірақ биліктердің бөлінуін жеке мақсат ретінде қарастыруға болмайды. Ол мемлекеттік органдардың қалыптасуын ұйымдастыру ғана емес, сондай-ақ биліктің барлық тармақтарының түп тамырлы ынтымақтастығы болып табылады.

Осындай ынтымақтастықтан бас тарту мемлекеттік биліктің барлық жүйелерін даусыз күйреуге әкеп соқтырады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдар жүйесінің және оның қағидаттары тұрақтылығы оның бағыныстылығымен және балансымен, мемлекеттік билікті құрастыру процесін реттейтін заңдармен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасы мемлекетінің органдары жүйесінде оларды қалыптастыру және қызметтерінің қағидаттары тәртібінде демократизм байқалады. Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекеттік биліктің және жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық уәкілетті органдарының депутаттары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жасырын сайлау кезінде жалпы, тең, тікелей сайлау құқығы негізінде еткізілетін сайлаулар арқылы сайланады.

Мемлекеттік органдар жүйесінің демократизмі уәкілетті органдардың депутаттары сайлаушылар алдында, ал барлық деңгейдегі лауазымды адамдардың - Қазақстан халқының және еңбек ұжымдарының алдында есеп беруімен түсіндіріледі. Конституциялық заң мемлекеттік органдардың мемлекеттік-құқықтық жауаптылығын көздейді. Ол мемлекеттік органды тарату және лауазымды адамды мемлекеттік қызметтен шығару көзінде байқалады.

2.2. Прокуратураны ұйымдастырудың және қызметтік қағидаттары

Прокуратураның ұйымдастырудың және қызметінің қағидаттары - бұл негізге алынатын, басқарушы, прокуратура қызметінің оған қойылатын негізгі талаптардың аса маңызды ерекшеліктері мен кепқырлы белгілерін анықтайтын ережелер[26].

Қағидаттар теорияның, ғылымның, әлем танудың, саяси ұйымдардың қандай да бір негізгі мән жайларын қамтиды. Прокуратураға қатысты қайта құрудың және қызметінің қағидаттары Қазақстан Республикасы Конституциясында және басқа заңдарда бекітілген прокуратураның саяси және мемлекеттік тағайындалуын көрсететін, прокурорлардың міндеттері мен өкілеттіліктерін, сондай-ақ құқықтық құралдардың мазмұны мен сипаттарын және мемлекетте заңдардың орындалуына қадағалауды іске асыратын әдістерді анықтайтын негізгі талаптар, сондай-ақ прокуратура органдарын өзге мемлекеттік органдардақ оның ішінде құқық қорғау органдарынан айырмашылығын анықтайтын белгілер мен сапаларын қамтиды.

Заңмен белгіленген қағидаттарды сақтау прокуратураға мемлекетте заңдардың дәл әрі бірыңғай орындалуына қадағалауды іске асырау бойынша оның алдында тұрған міндеттерді нәтижелі орындауына мүмкіндік береді.

Прокурорлық қадағалау қағидаттарының қатарына Қазақстан Республикасы Конституциясының негізделген, заң бұзушылықты кім жасағанына қарамастан, ойдағыдай жою үшін оларға қажетті өкілеттіліктерді бере отырып, тәуелсіз мемлекеттік органдардың рангысына прокуратура органдарын көтеретін ережелер жатады.

Қағидаттарды прокурорлардың функцияларын орындау тәртібімен және шарттарымен араластыруға болмайды.

Құқықтардың нақты салаларында қадағалауды іске асыра отырып, прокурор мынадай сот әділдігінің қағидаттарын тәуелсіздік ретінде ескеруге тиіс: судьялар және олардың тек заңға бағынуы, сотталушының қорғалу құқығы, кінәсіздік презумпциясы, бәсекелестік, жариялық, ауызекілік және процестің өзінділік, сот құрамының тұрақтылығы және т.б. Егер прокурор осы қағидаттарды сақтамаса, ол сот талқылауына қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаушы, заңды сақтаушы ретінде қызметтік парызын бұзады[27].

Прокуратура органы:

Төменгі прокурорлар жоғары прокурорларға және Қазақстан Республикасының Бас прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды; жергілікті айырмашылықтарға, сондай-ақ жергілікті және ведомстволық ықпал етулерге қарамастан заңдардың дәл әрі бірыңғай орындалуына қадағалауды іске асырады, кім жасағанына қарамастан заң бұзушылықтарды анықтау және уақытылы жоюға, мемлекеттің оның билік және басқару органдарының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге, кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауаптылыққа тартуға шаралар қолданады; жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісінде азаматтарға беделді көмек көрсетеді.

Бас прокурор заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі және оларды нығайту бойынша шараларды туралы Қазақстан Республикасы Президентіне жүйелі түрде хабардар етеді.

Прокуратура органы тек Қазақстан Республикасы Бас прокурорына ғана бағына отырып, жергілікті органдар мен лауазымды адамдарға қарамастан өз өкілеттіліктерін іске асырады.

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің қағидаттарына қатысты аса маңызды ереже қолданыстағы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңында қамтылған. Заңда прокуратура органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды деп атап көрсетілген.

Осы қағидаттармен қатар мынадай мазмұндағы қағидаттар тұрады: прокуратура органдарында саяси партияларды құруға, қызметі мен оларды ұйымдастыруға жол берілмейді. Прокурорлардың өз қызметтері саяси партиялар мен жалпы қоғамдық қозғалыстардың шешімдерімен байланысты емес.

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңында ереже қағидаттарының шегінде прокурорлар оқытушылық, ғылыми және шығармашылық қызметтерден басқа төленетін қосымша жұмыстармен айналысуға құқықсыз екендігі туралы ереже шығарылған.

Қазақстан Республикасы Конституциясында, "Прокуратура туралы" заңда, сондай-ақ басқа заңдардағы қағидаттар прокуратура органдарын ұйымдастыру тәртібін ғана емес, сондай-ақ белгілеу бойынша прокурорлардың қызметін, және де заң бұзушылықтарды жоюды реттейді[28].

Заңдарда бекітілген прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің қағидаттары жалпы міндетті сипат алады, яғни прокурорларға ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік билік және басқару органдарына, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарға, лауазымды адамдарға қойылатын талаптың мәні, прокурорлар іске асыратын қызмет заңдылығын қадағалауды сақтау. Бұл қағидаттар заңдардың сақталуына қадағалауды прокурорлар іске асыруда және азаматтар үшін де міндетті.

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және қызметінің қағидаттары "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында анықталған және мынадай біртұтас, орталықтандырылған, тәуелсіз, жариялық және заңдылық қағидаттары бөлінеді[29].

Тәуелсіз прокуратура қағидаттарының мәні әрбір прокурордың өз қызметінде тәуелсіздігі және оған жүктелген міндеттерді орындау көзінде заңдарды және оған сәйкес шығарылған Бас прокурордың нұсқаулықтары мен бұйрықтарын басшылыққа алуынан тұрады. Прокурор қандай болмасын, оның қадағалау қызметіне қол сұғушылықтан қорғалған.

Ұйымдастыру тәуелсіздігі мен қадағалауды іске асыру қағидаттары мемлекеттік және саяси маңызға ие, яғни осы қағидаттарды сақтай отырып, прокуратура мемлекетпен алдына қойылған міндеттер мен мақсаттарға жете алады. Осы қағидатты іске асыру оны ұйымдасқан түрде құруды, прокурорлық кадрларды тағайындау тәртібін, заңмен белгіленген бағынышты жүйесін және прокурорлардың бағыныстылығы қамтамасыз етеді.

Прокуратура органдарындағы жариялылық прокуратураның басқа республиканың құқық қорғау органдары ретінде қоғамнан, азаматтардан оқшауланбаған өз функцияларын іске асыруын білдіреді. Заңда прокуратура органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік мүдделерін қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңының талаптарына қайшы келмейтін шараларды жария ету арқылы әрекет етеді деп көрсетілген.

1. Прокурорлық қадағалау актілері.
2. Прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер.
3. Прокуратураның ережелері мен нұсқаулықтары.

Заң бұзушылықты, заң бұзушылықты тудыратын мән-жайларды және кінәлі адамдарды анықтай отырып, прокурор оларды жою және келешекте оларды болдырмау, сондай-ақ кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту үшін шаралар қолданады. Осыған сәйкес, прокурорлық қадағалауды реттейтін заңдарда прокурорлардың өзгеше өкілеттіліктері, яғни заң бұзушылықты жоюды қамтамасыз ететін құқықтары мен міндеттері көзделген.

Прокурорлық қадағалаудың теориясы мен практикасында мұндай өкілеттіліктерді заңдардың немесе прокурорлық қадағалаудың бұзылуын прокурорлық реттейтін құқықтық құрал деп атайды.

Реттеу құралы өзінің ішкі көрінісі бойынша қолдану тәртібінде прокурорлық қадағалаудың барлық салалары және прокуратура қызметінің учаскелері үшін ортақ және жеке қадағалаудың және қызмет учаскелері үшін өзгешелік сипатта болуы мүмкін. Реттеудің ортақ құралдары қатарына заң бұзушылықты жою туралы ұсынымдарға енгізілген, заң актілеріне қайшы келетін наразылықтар жатады. Реттеудің өзгеше құралдарына қорытынды беруі және сотта прокурордың өтініші жасауы жатады[30].

Реттеу құралы прокурорлық қадағалаудың, жазбаша немесе ауызша актілері, олардың ішінде наразылықтар, қаулыларымен іске асырылады. Заң прокурорлық қадағалау актілерінің барлық түрлері үшін біртұтас жазбаша түрде көрсетуді белгілемейді.

Прокурорлық қадағалаудың актілері - бұл өкілеттіліктерін іске асыру тәртібінде тек қана прокурорлардың енгізетін өзгеше құқықтық актілері. Бәрімізге белгілі, прокурор қадағалауды іске асыратын мемлекеттік тұлға ретінде әкімшілік билікті иеленбейді, яғни заңдардың орындалуына қадағалауды ол іске асыратын органдарға өкім беруге құқықсыз.

Прокурорлық қадағалау актілеріне сәйкес прокурор заң бұзушылықты жою және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту туралы талаптармен құзыретті органдарға өтініш жасай алады.

Прокурорлық қадағалау актілері - белгілі фактілерге (заң бұзушылық) байланысты өзге органдарға және лауазымды адамдарға арналған жеке актілер. Прокурорлық қадағалау актісі басқа органның, лауазымды адамның белгіленген заң түрінде ол арқылы реттелуін: оны қарауға, тиісті шаралар қолдануға және оны енгізген прокурорға хабарлауды міндеттейді. Прокурорлық қадағалау актілерін дұрыс жасау, заңда бекітілген прокурорлардың өкілеттіліктерін және олардың негізгі талаптарын дәл әрі толық көрсету - заңдардың орындалуына қадағалаудың әрекет етуінің бөлінбес шарттары.

Заңның 18-бабында құқықтық актілері белгіленген.

1. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесі:

- прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыным, заңға түсіндірме;
- прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтарды құрайды;
- прокуратураның ережелері мен нұсқаулықтары тиісті прокурорлардың бұйрықтарымен бекітіледі.

1. Наразылық "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес:

- Прокурор Конституцияға, заңдарға және республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық жасайды;
- Наразылық оны шығарған органға немесе жоғары тұрған органға беріледі. Лауазымды адамның заңсыз шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық нақ осындай тәртіппен жасалады;
- Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын күні туралы прокурорға хабарлауға міндетті. Наразылықтың сотта қаралу мерзімі заңдарда белгіленеді;
- Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді;
- Прокурор наразылық жасалған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға хақылы. Заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

2. Қаулы "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес:

- Заңның бұзылу сипатына қарай прокурор қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөнінде қаулы шығарады.
- Прокурор заңның қолданылуына тексеріс жүргізу туралы, заңсыз құқықтық актіні алдырып тастау, тұмшалау салу туралы, тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды жою немесе алып тастау, күшін тоқтата тұру туралы, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату туралы, жеткізу (күштеп әкелу) туралы, сондай-ақ заңда көзделген басқа реттерде қаулы шығарады.
- Прокурордың қаулысын уәкілетті орган немесе лауазымды адам заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда, прокурор белгіленген мерзімінде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың қаулысын белгіленген мерзімдерінде орындамау Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Санкция "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес:

- Прокурор жазбаша түрде:

- қылмыс жасады деп сөзік келтірген немесе айып тағылған адамды қамауға алуға;
- қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда тінтуге;
- айып тағылған адамды сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыруға;
- Конституциямен және заңмен қорғалатын хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен пошта жөнелтімдері құпиясына, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұғылмау құқығына қатысты жедел-іздістіру шаралары мен тергеу әрекетін жүргізуге;
- шетелдіктерді әкімшілік тәртіппен аластау үшін ұстауға;
 - бейне-аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау мен жазып алуға, телефондар және басқа да сөйлеу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесуді тыңдау мен жазып алуға;
 - мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лауазымды адамдарын қоспағанда) банктік құпиясы бар құжаттарға қол жеткізуге;
 - жеке және заңды тұлғалардың банктердегі ақшасы мен басқа мүлкіне тыйым салумен жеке және заңды тұлғалардың банк (корреспонденттіктен басқа) шоттарындағы шығыс операцияларын тоқтата тұруға;
 - Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға;
 - тікелей заңда көзделген өзге де жағдайларда міндетті.
- Көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға санкция беруді немесе оны беруден бас тартуды прокурор санкция сұрауға негіз болған материалдарды зерделегеннен кейін лауазымды адамның қаулысына қарар түрінде немесе өзге жазбаша нысанда жиырма төрт сағаттың ішінде ресімдейді.
 - Адамның және азаматтың бостандық құқықтарын шектеуі мүмкін жедел- іздестіру және өзге мәселелері жөніндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына келісім береді.

Конституцияның көрсетілген нормасына сәйкес "заңда көрсетілген ретте ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі. Прокурордың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады". Тіпті болмаған жағдайда қылмыстық іс жүргізуде қамауға алудан басқа жеке бас бостандығы құқығының барлығын конституциялық емес тануға тура келеді. Баяндалғандарға сәйкес 2 сөз санкция да талқылануға тиіс[31].

Соттық санкция беруді жақтаушылар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Іс Жүргізу Кодексі анықтауларды қоса отырып, тікелей 16-баптың 2-тармағындағы контекстегі осы сөзін талқылайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Іс Жүргізу Кодексі 36-бабына сәйкес санкция бұл прокурордың, соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық ізге түсу органы қабылдаған іс жүргізу шешімін бекіту актісі.

Прокуратура органдарын ұйымдастыру және қызметінің мәселелері жөніндегі, жеке бағыттары мен учаскелері бойынша жалпы сипаттағы Бас прокурордың бұйрықтары прокуратура органдарында Прокуратура туралы Заңның және өзге заңдардың шын мәнінде орындалу механизмін құратын нормалар мен ережелердің жиынтығынан тұрады.

Бұйрықтар заңға қайшы келмеу керек. Онда, әдетте, прокурорлық жүйедегі ішкі ұйымдастыру қатынастарының жеке аспектілері реттеледі. Прокуратура органдары қызметінің тәртібі әртүрлі мәселелер бойынша олардың өкілеттіліктерін шектеу критериясымен анықталады. Сонымен, мысалға Қазақстан Республикасы Бас прокуроры бөлінген штат саны мен еңбек ақы қорын төлеу шегінде Бас прокуратураның штаттары мен құрылымын белгілейді. Облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар өз құзыреттері шегінде ұқсас құқықтарға ие болады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымына департаменттер (мысалға, соттарда қылмыстық істерді қарау заңдылығына қадағалау департаменті), департамент құрамындағы басқармалар (мысалға, анықтау және алдын ала тергеу заңдылығын қадағалау департаменті құрамындағы Қазақстан Республикасы ІІМ, Қазақстан Республикасы ӘМ КУИС, Қазақстан Республикасы ТЖА органдарында тергеу және анықтауды қадағалау басқармасы), дербес басқармалар (мысалға, құжаттамалық қамтамасыз ету және азаматтардың өтініштерін қарау басқармасы), дербес, сондай-ақ департамент және басқарма құрамындағы бөлімдер, сондай-ақ басқарма құқығындағы бөлімдер (мысалға, мемлекеттік құпияларды сақтау бөлімі). Сондай-ақ өзге де нормалардан тұрады.

Сонымен Қазақстан Республикасы Бас прокурорының "Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы" 2 бұйрығымен осы саладағы прокуратура қызметінің міндеттері мен басымдылықтары анықталады.

4. Нұсқау. "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес:

1. Прокурор:

1) қылмыстық істерді қозғау мен тергеу жүргізуге байланысты анықтама және тергеу органдарына;

2) жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдарға;

3) заңмен белгіленген өзге де жағдайларда нұсқау береді.

2. Республика Бас прокурорының жедел-іздігі қызметі, анықтама және тергеу мәселелері жөніндегі нормативтік сипаттағы нұсқауын барлық тергеу және анықтама органдары, жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын органдар орындауға міндетті.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Бас прокурордың № 4/20 02.05.2002 жылғы "тапсырмалар мен тапсырындыларын дайындау және орындарына жіберу туралы"

5. Өтініш. "Прокуратуратуралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес:

1. Прокурор заңға сәйкес бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптық өтініш жасауға хақылы.

2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған немесе олар заңда белгіленген мерзімде қаралмаған жағдайларда прокурор органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен актілерін жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ заң бұзушылықты болдырмау туралы сотқа өтініш беруге құқылы. Прокурор наразылық келтірілген актінің күшін арызды сот қарағанға дейін өз қаулысымен тоқтата тұруға құқылы.

3. Сотқа берілген прокурорлық қадағалау актілерінің қабылданбауына немесе қараусыз қалдырылуына байланысты өтінішті сот заңда белгіленген тәртіппен қарайды.

4. Прокурордың өтінішіне мемлекеттік баж бен өзге де салымдар салынбайды.

6. Ұйғарым. "Прокуратуратуралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес:

Заң бұзушылықты жою туралы жазбаша ұйғарымды прокурор енгізеді және оны заң бұзуға жол берген органға немесе лауазымды адамға, не жіберілген заң бұзушылықты жоюға өкілетті органға немесе лауазымды адамға жіберілді деп белгілейді. Егер заңды бұзу ашық сипатта болып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін болған және ол дереу жойылмайтын болған жағдайда, ұйғарым енгізіледі. Ұйғарымды нормативтік құқықтық актілерге енгізуге болмайды.

1. Ұйғарымда Конституцияның, заңдар мен республика Президенті актілерінің бұзылған нормалары көрсетіліп, құқық бұзушылықтың сипаты мен заң бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар болуға тиіс.

2. Ұйғарым прокурор белгіленген мерзімде міндетті түрде орындалуға тиіс.

3. Ұйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың

ұйғарымын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым берілуі мүмкін. Ұйғарымға шағымның берілуі оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

5. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұруға болады.

7. Ұсыныс. "Прокуратуратуралы" ҚР Заңының 25- бабына сәйкес:

1. Прокурор өз құзыреті шегінде заң бұзушылықтарды, сондай-ақ оларды тудыратын себептер мен мән жайларды жоюда міндетті шаралар қабылдау үшін ұсыныс енгізеді:

1) заңдылықты бұзуды болдырмау туралы;

2) қылмыс жасауға және басқа тәртіп бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қол сұғылмау құқығы бар адамдарды одан айыру мәселелері бойынша;

4) заңда белгіленген өзге жағдайларда ұсыныс енгізеді.

2. Ұсынысты лауазымды адам немесе орган заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы шараларды міндетті түрде қабылдай отырып, бір ай мерзімде қарауға тиіс. Прокурор ұсынысты қарауға қатысуға хақылы. Ұсынысты қараудың нәтижелері және қолданылған шаралар туралы прокуратураға хабарланады.

5. Заңды түсіндіру "Прокура туратуралы" ҚР Заңының 26-бабына сәйкес:

1. Органның немесе лауазымды адамның не азаматтың заңдарды білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі салдарынан оларды дұрыс қолданбауға әкеліп соғатын жеткілікті негіздер бар деп санаған ретте, прокурор заңның мазмұнын, ал қажет болған жағдайда заңды бұзған үшін көзделетін жауапкершілікті түсіндіреді.

2. Құқықтық актінің жобасы заңға сәйкес келмеген жағдайда прокурор актіні қабылдайтын органға немесе лауазымды адамға заңның талабын түсіндіреді.

9. Прокурордың құқықтық актілерін мәжбүрлеп орындату шаралары. "Прокуратура туралы" ҚР Заңының 26-1-бабына сәйкес:

1. Прокурордың қаулылары мен ұйғарымдарын өз еркімен орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алған бойда оны орындауға дереу шаралар қолдануға міндетті.

3. Лауазымды адамдар, азаматтар айғақтар беру үшін прокуратура органдарына келуден бас тартқан жағдайда, прокурор ондай адамды прокуратура органдарына жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулы шығаруға құқылы, оны жиырма төрт сағат ішінде ішкі істер органдары орындайды.

10. Прокурорлық қадағалау актілерін жариялау.

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабында былай делінген: өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін прокуратура органдары адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзған органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен шешімдеріне прокурорлық қадағалау актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады [32].

Конституциямен және Қазақстан Республикасы заңдарымен берілген өкілеттіліктерін іске асыру мақсатында Бас прокурор барлық прокурорлар орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар, нұсқаулықтар мен басқа актілерді шығарады.

Прокуратура органдарын ұйымдастыру және қызметінің мәселелері жөніндегі, жеке бағыттары мен учаскелері бойынша жалпы сипаттағы Бас прокурордың бұйрықтары

прокуратура органдарында Прокуратура туралы Заңның және өзге заңдардың шын мәнінде орындалу механизмін құратын нормалар мен ережелердің жиынтығынан тұрады.

Бұйрықтар заңға қайшы келмеу керек. Онда, әдетте, прокурорлық жүйедегі ішкі ұйымдастыру қатынастарының жеке аспектілері реттеледі. Прокуратура органдары қызметінің тәртібі әртүрлі мәселелер бойынша олардың өкілеттіліктерін шектеу критериясымен анықталады. Сонымен, мысалға Қазақстан Республикасы Бас прокуроры бөлген штат саны мен еңбек ақы қорын төлеу шегінде Бас прокуратураның штаттары мен құрылымын белгілейді. Облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар өз құзыреттері шегінде ұқсас құқықтарға ие болады[33].

Нұсқаулықтар нормативтік нысанда баяндалатын ұсынымдар мен ұйғарымдардың жүйеленген жиынтығын білдіреді. Олар әдетте, прокуратура органдары қызметінің ұйымдастыру, кадр, әдістемелік, қаржы, техникалық жақтарын реттейтін ережелер мен түсіндірмелерден тұрады.

Олар, әдетте заңда міндетті түрде реттелмеген осы міндеттердің күшіндегі прокуратураның негізгі қызметін қамтамасыз ететін салаларға жатады (іс жүргізу, статистикалық есеп беру, заттай айғақтарды, қызметтік қару-жарақтарды сақтау тәртібі туралы және т.б.). " Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен бекітілген "прокуратура органдарын кетеру үшін кадр резервтерімен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық"[34].

Әрбір құрылымдық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру және тәртібі Бас прокурор және оның орынбасарлары бекітетін нақты бөлімшелер туралы ережемен бекітіледі.

Ережеде мынадай мәселелердің шеңбері анықталады: бөлімшеге жүктелген міндеттер; оларға берілетін функциялар, басқа бөлімшелермен қатынастағы негізгі өкілеттіліктер (ақпараттар алу, өзара іс-қимыл, төменгі тұрған органдарға Қатысты басқару функцияларын шектеу, әсіресе олардың қызметі мен т.б. бақылау жасау туралы); бөлімшелердегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаттары (әдетте, бұл жергілікті және зоналық қағидаттар); бөлімше бастығының, оның құрамына енетін басқа прокурорлық қызметкерлердің ұйымдастыру өкілеттіліктері.

Құрылымдық бөлімше туралы ереже тиісті прокурор оны қарағаннан және бекіткеннен кейін күшіне енеді.

Төменгі тұрған органдардың басшылығы, сондай-ақ оларға ақпараттық хаттарды жіберу жолымен - прокуратура қызметінің әртүрлі мәселелерінің үлгісімен іске асырылады. Олар бұйрықтар мен нұсқаулықтардан олардың ережелерінде қамтылған шамалы керсетілген директивалығымен ерекшеленеді.

Әдетте, осы актілер тек жұмысты жетілдіру мақсатында прокуратура органдары ондағы ережелерді, тұжырымдарды, ұсынымдарды қолдануын міндеттейтін тиісті прокурордың бұйрықтары, нұсқаулықтарымен ғана бірге жүреді.

Шолу прокуратура органдарының практикасын бір бағыт бойынша немесе олардың қызметтерінің бірқатар бағыттары бойынша жеткілікті толық зерттеу сол немесе өзге де функцияларды іске асыру деп жобалайды және де талдау негізділігі мен ақпарат көздерінің әртүрлілігімен оны жинау әдістерімен терең және әртүрлі аспектілі тұжырымдар жүргізілетін кезеңнің ұзақтылығымен ерекшеленеді.

Шолуға қарағанда төменгі тұрған органдардың ақпараттық хаттарды дайындау қажеттілігі прокурорлардың, тергеушілердің жұмыс практикасы үшін өзінің жаңалығымен, үлгі боларлықтай сипатталатын бірнеше немесе бір фактіден туындауы мүмкін. Осымен қатар, оның жедел орындаушылығы бәрінен бұрын қоғамдық қатынастардың сол және өзге де салаларында прокуратура органдарының функциональдық қызметі процесіне түзету әсерін көрсетуге бағытталған (мысалға, қылмыстардың жаңа тәсілмен жасалуы немесе анықталуы, қадағалау практикасындағы қателіктер туралы және т.б.).

Актілерді жеке басқару қызметті білдіретін қызметтік құжаттың ең маңызды бір түрі ретінде қарау керек. Олар өзара тығыз байланысты, бірақ тергеу және қадағалау актілерінен ерекшеленеді және дербес, іс жүргізу күшіне иеленеді. Осы актілер олардың негізін көздейтін және олардың құрылу тәртібінің, құрылымы мен мазмұнының жалпы талаптарына жауап беруге тиіс. Олар, әдетте, кіріспе, сипаттау және қаулы ету (жобалайтық директивалық) бөлімдерінен тұрады[35].

Актілердің бірінде осы бөлімдер анық сипатталған, ал қалғандарында жай ғана белгіленеді. Олардағы ақпараттық әлеуметтік қатынас және олардың директивалық деңгейі осы мәселелерді шешу кезіндегі мазмұны мен сипатына байланысты. Кез келген жағдайда актілер заңның, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрықтары мен нұсқауларының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2.3. Қазақстан Республикасының Конституциясы және прокуратура органдарына қатысты мәселелер

Қазақстан Республикасының Конституцияға сәйкес өзін демократиялық және құқықтық мемлекет деп есептейді. Қолданыстағы Конституцияға сәйкес және оның негізінде қабылданған заңына сәйкес Қазақстан Республикасының прокуратурасы мемлекеттік билік тармақтарының біреуінде жатпайды. Конституцияда бекітілген осы ережелер конституциялық қағидаттар қатарының мазмұнын анықтап барді. Олардың біреуі ұстамшылдық және қарама қарсылықтар, заңдылық қағидаттар, Конституцияның үстем болуы, адам құқытарының бөлінбеу және басқа жүйелерін өзара пайдаланумен биліктерді заң, атқару және сот тармақтарына бөлу қағидаттары болып табылады.

Негізгі заңның 83-бабына сәйкес:

1. Прокуратура мемлекет атынан республикасының аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәлме дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ республика Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

2. Республика прокуратурасы төменгі прокуратураларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттілігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

3. Республиканың Бас прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды. Бас прокурор өкілеттілігінің мерзімі бес жыл.

4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен реттеледі. Парламент Сенатының келісімімен республиканың Бас прокуроры қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады/5/.

2.4. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі және прокуратура органдары қызметтерінің құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасы ҚДЖК 62-бабына сәйкес «Прокурор өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің

заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалауды іске асыратын лауазымды адам»[36].

Прокуратура қылмыстық істі жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жүйесіне кіре отырып, прокурорлық қадағалаудың функционалдық бағыттарына қатысты бір қатар өзгешелік жақтарын иеленеді.

Прокуратура құқық бұзушыларға жаза қолданбайды, оның қызметі құқық бұзушылықты анықтауға, заң бұзушылықты қалпына келтіруге және кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауаптылыққа тартуға бағытталған.

Заңдылықты қадағалаудан басқа, прокуратура органдары қылмыстық қудалауды іске асырады, істі сотта талдауға қатысады, мемлекеттік айыптаушылықты іске асырады. Прокурордың осы функциялары өзара байланысты. Қылмыстық қудалау функцияларын іске асыру сондай-ақ қадағалау функциясының мақсатына жету құралы ретінде қаралуы мүмкін, прокурорлардың қылмыстың белгілерін анықтай отырып, қылмыстық істі қозғауы шын мәнінде, яғни қадағалау функциясының білінуі. Прокурордың өкілеттігі процестің сатысына және оны нақты іске асыратын функциясы шегіндегі атқаратын бағыттарына қарай өзгеріп отырады.

Прокурордың құқықтық мәртебесі өз қызметін іске асыру кезінде прокуратура органдары шешетін міндеттердің жүйесімен тығыз байланысты. Осындай міндеттердің қатарына:

- әрбір істі жан-жақты, толық және объективті тергеу және қарау үшін заңда көзделген шараларды қабылдау;

- сотталушының жеке және мүліктік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;

- әрбір жасалған қылмыстың заңды және әділ жазаға тартылуына және ешқандай кінәсіз адамдардың жазаға тартылмауына байланысты қылмыстық қудалаудың мақсатына жету,

- азаматтардың құқықтарын, мекемелер мен ұйымдардың заңмен қорғалатын мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделерін сот қорғауын қамтамасыз ету.

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы заңының 38, 46- баптарына сәйкес прокурор:

1) анықтама мен тергеу органдарынан тексеріс үшін қылмыстық істерді, жасалған қылмыстар, жедел-іздістіру қызметінің, анықтаманың, тергеудің барысы туралы құжаттарды, материалдар мен өзге мәліметтерді алады;

2) жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды хабарлағанда, тіркегенде, шешкенде заңдылықтың сақталуын тексереді;

3) қамауда ұстауға және қамауға алуға санкция береді;

4) қажет болған жағдайларда қылмыстық іс қозғайды, қылмысты істерге тергеу жүргізу жөнінде жазбаша нұсқаулар береді;

5) тергеушілер мен анықтама жүргізуші адамдардың заңсыз қаулыларының күшін жояды;

6) егер анықтама мен тергеу барысында процеске қатысушылар мен басқа да азаматтардың құқықтарының бұзылуына, тергеудің заңсыз әдістеріне жол берілсе, кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қояды;

7) тергеу мен анықтама толық болмаған, сондай-ақ тергеу мен анықтама барысында заңдылықтың жол берілгені белгілі болған жағдайларда, қылмыстық істерді қосымша тергеуге қайтарады,

8) анықтама мен тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істерді түптеп қарау үшін сотқа жібереді;

9) қылмыстардың толық ашылуын қамтамасыз ету мақсатында тексеріс жүргізуді талап етеді;

10) анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің анықтау мен тергеу органдары басшыларының әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

11) бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу шешім жасалған адамдарды қамауда ұстаудың заңдарда белгіленген тәртібі мен шартының сақталуын тексереді. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға санкция береді;

12) заңмен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

III тарау. Прокурордың алдын ала тергеу амалдарын жүргізу кезіндегі өкілеттілігі

3.1. Ұсталған адамдарды қамау орындарында, алдын-ала тергеу орындарында, сотпен тағайындалған жазалар мен өзге де күштеу түріндегі шараларды орындау барысында заңдардың орындалуына қадағалау жүргізудегі прокурордың өкілеттілігі

Бұл салада прокурор қадағалау жүргізеді:

1. сотпен тағайындалған жазалар мен өзге де күштеу түріндегі шараларды орындау барысында заңдардың орындалуына;
2. сотталғандарға бекітілген тәртіп пен шарттарды орындауға олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға;
3. бас бостандығынан айырумен байланысты емес, жазаны орындау заңдылығына;
4. сот шешімдерінің орындалуының заңдылығына.

Прокуратура органдарының атқару өндірісінің заңдылығына қадағалау жүргізуінің негізгі бағыттары:

- атқарушылық өндіріс кезінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қадағалау жүргізу;
- лауазымды тұлғалар мен атқару өндірісі органдарының атқару өндірісі заңнамасын нақты және біркелкі орындалуына қадағалау жүргізу;
- лауазымды тұлғалар мен атқару өндірісі органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым бойынша сот актілерінің заңдылығына қадағалау жүргізу.

Қадағалауды жүзеге асырудағы прокурордың өкілеттілігі:

1. адам құқығы туралы, қамауға алынғандар мен сотталғандар құқығы мен мүддесі туралы Конституция, ҚР-ң заңдары мен халықаралық шарттарының дәлме-дәл орындалуын талап ету;
2. мемлекеттің, азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғаумен байланысты және прокурордың талап арызы бойынша атқару өндірісін алуға және тексеруге;
3. бас бостандығынан айыру орындары мен басқа да мәжбүрлеу сипатындағы жазаларды орындау мекемелеріне кез-келген уақытта тексеру мақсатымен бару;
4. ұсталғандардан, қамауға алынғандардан, сотталғандардан және мәжбүрлеу сипатындағы шаралардағы тұлғалардан жаап алу,
5. жоғарыда аталған тұлғалардың ұсталғандығын қамауға алынғандығын дәлелдейтін құжаттарды алдыруға;
6. өзінің қаулысы арқылы заңсыз бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеу шараларын жүргізетін мекемелердегі тұлғаларды тез арада босату;
7. өзінің қаулысы арқылы бас бостандығынан айыру мекемелерінде жазасын өтеп жүргендерге заңсыз салынған тәртіптік жазадан босатуға және изоляторлар, камералардан немесе карцерден босатуға прокурордың құқығы бар;
8. заңда көрсетілген тәртіппен, жазаны орындаушы мекеме әкімшілігінің актілерін санкциялауға,
9. борышкердің ақшасы мен басқа да мүлкіне арест салу бойынша атқару өндірісі органдарының актілерін санкциялауға.

3.2. Тергеу, анықтау және жедел іздестіру қызметіне прокурордың қадағалау жүргізу мәселелері

Тергеу және анықтау қызметіне қадағалау жүргізуді «Тергеу және анықтау қызметінің заңдылығына қадағалау жүргізуді ұйымдастыру нұсқаулығы бойынша жүргізеді. Ол Бас прокурордың 2006 жылғы 4 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген.

Бұл салада прокуратура органдары өз құзыреті шегінде құқық қорғау және бақылау функцияларын, қылмыстық қудалау және құқық қорғау органдарының қызметін реттеу функцияларын жүзеге асырады.

Тергеу және анықтау органдары қызметінің заңдылығына қадағалау жүргізудің бастапқы бағыттары:

1. қылмыстық іс жүргізудегі адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау;
2. заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда, қылмыстылықпен күресте құқық қорғау органдарының қызметін реттеу;
3. қылмыс туралы арыздарды мәліметтерді, шағымдарды қабылдау тіркеу және қарау кезіндегі заңдылықтың сақталуына қадағалау жүргізу;
4. терроризм мен экстремизммен күреске бағытталған заңнаманың қолданылуына қадағалау жүргізу;
5. қылмыстың ұйымдасқан нысандарымен күреске бағытталған заңнаманың қолданылуына қадағалау жүргізу;
6. алдын-ала жоспарланған кісі өлтірумен күреске бағытталған заңнаманың қолданылуына қадағалау жүргізу;
7. есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күреске бағытталған заңнаманың қолданылуына қадағалау жүргізу;
8. сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған заңнаманың қолданылуына қадағалау жүргізу;
9. экономикалық қылмыстармен күреске бағытталған заңнаманың қолданылуына қадағалау жүргізу.

ҚР-ң Бас прокуратурасының функцияларын нақты ажырату мақсатында, прокурорлардың рөлін нығайту мақсатында тергеу және анықтау қызметіне заңдылықтың сақталуын қадағалау келесі тәртіппен жүргізіледі:

1. ҚР Бас прокуратурасының тергеу және анықтау қызметіне қадағалау жүргізу департаменті. Бұл департамент ҚР Президенті тағайындалған, Парламент палаталарымен тағайындалған және сайланған Парламент депутаттарының лауазымды тұлғаларына және судьяларға қатысты қылмыстық істерге қадағалау жүргізеді.
2. Бас әскери прокуратура ҚР-сы Қарулы күштерінде міндетті әскери борышын немесе контракт бойынша әскери қызмет өтеп жатқан әскерлердің жасаған қылмыстарын жүргізуші қылмыстық қудалау жүргізуші органдар қызметіне қадағалау жүргізеді.

Прокурордың тергеу және анықтау қызметінің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі:

1. анықтау мен тергеу органдарынан тексеріс үшін қылмыстық істерді жасалған қылмыстар жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің барысы туралы құжаттарды, материалдар мен өзге мәліметтерді алады;
2. қамауда ұстауға және қамауға алуға санкция береді;
3. қажет болғанда қылмыстық іс қозғайды, қылмыстық істерге тергеу жүргізу жөнінде жазбаша нұсқаулар береді.
4. тергеушілер мен анықтама жүргізуші адамдардың заңсыз қаулыларының күшін жояды.
5. егер анықтау мен тергеу барысында процеске қатысушылар мен басқа да азаматтардың құқықтарының бұзылуына тергеудің заңсыз әдістеріне жол берілсе, кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе қояды;
6. тергеу мен анықтау толық болмағанда, сондай-ақ тергеу мен анықтау барысында заңдылықтың бұзылуына жол берілгені белгілі болған жағдайлар қылмыстық істерді

қосымша тергеуге қайтарауы немесе оны толық көлемінде не нақтылы адамдарға қатысты тоқтатады.

7. анықтау мен тергеу органдарынан келіп түскен қылмыстық істерді келіп түскен қылмыстық істерді түптеп қарау үшін сотқа жібереді.

8. қажет болған жағдайда тергеу бөлімшелері мен анықтама органдары башыларына оларға бағынысты органдарда заңды бұзушылықты жою, қылмыстардың толық ашылуын қамтамасыз ету мақсатында тексеру жүргізуді талап етеді;

9. анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің анықтау мен тергеу органдары басшыларының іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды;

10. Бұлтпартпау шарасы ретінде қамауға алуға шешім жасалған адамдарды қамауда ұстаудың заңдарда белгіленген тіртібі мен шартының сақталуын тексереді.

10-1. ҚР-ң аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға санкция береді.

Прокурордың өз құзыреті шегінде нұсқаулары жазбаша нысанда беріледі және ол анықтама мен тергеу жүргізетін адам үшін міндетті.

Жедел-іздестіру қызметі - азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті қорғау, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің қылмыстық қол сұғуынан, барлау-бүлдіру әрекетінен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде ҚР-ң Конституциясына «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңға, ҚР-ң басқа да заңдарына сәйкес жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-іздестіру, ұйымдық және басқару шараларының ғылыми негізделген жүйесі.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға өкілетті органдар мен лауазымды адамдардың актілерімен іс-әрекеттерінің заңдылығы осы саладағы прокурорлық қадағалаудың мәні болып табылады.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдар:

1. Ішкі істер органдары;
2. Ұлттық қауіпсіздік органдары;
3. Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;
4. Қаржы полициясының органдары;
5. ҚР-сы Президентінің күзет қызметі
6. Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары;
7. Кеден органдары

Жедел-іздестіру қызметінің міндеттері

- азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын бостандықтары мен заңды мүдделерін және меншікті заңға қарсы қол сұғулардан қорғау;
- қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуетті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу;
- қылмыстарды анықтау, алдын-алу, болдырмау және ашу;
- жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынған, қылмыстық жазадан жалтарған адамдарды хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген реттерде басқа да адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың арнаулы қызметтерінің алдын-алу және болдырмау;
- Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа күзетілуге тиіс адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия мағұлматтардың сақталуын қамтамасыз ету; коммерциялық құпияны қорғауда кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жәрәмдесу;
- бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық-атқару заңдарымен белгіленген режимді қолдау;
- жедел-іздеміру қызметін жүзеге асырушы органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жедел іздеміру қызметінде заңдылықты қамтамасыз етуде прокурордың өкілеттілігі:

1. Жедел іздеміру қызметінің тоқтатылған немесе жүргізіліп жатқан істерін, жедел іздеміру қызметінің барысы туралы материалдарды, құжаттар мен басқа да қажетті мәліметтерді алады.

2. жедел-іздеміру қызметін жүзеге асыратын органдардың арнайы жедел-іздеміру шараларын өткізу заңдылығын тексереді;

3. жедел-іздеміру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар мен өтініштерді қарайды;

4. Жедел-іздеміру қызметін жүзеге асыратын органдар шығарған жедел-іздеміру шараларын ұйымдастыру мен өткізу тактикасын реттейтін, Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерге наразылық жасайды;

5. Жедел-іздеміру қызметін жүзеге асырған кезде заңның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны анықталған жағдайда өзінің қаулысымен жедел-іздеміру шараларын тоқтатады;

6. Жедел-іздеміру шараларын жүзеге асырған кезде құқыққа қарсы әрекеттерге жол берген қызметкерлер жөнінде қылмыстық және тәртіптік іс қозғау туралы қаулы шығарады;

7. Жедел-іздеміру қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырған кезде заңды бұзудың анықталған фактілері бойынша прокурорлық қадағалаудың Заңда көзделген өзге де актілерін шығарады;

8. заңсыз ұсталған адамдарды босатады;

9. қажет болған кезде жедел-іздеміру қызметін жүзеге асыратын органдар басшыларынан заң бұзушылықты жою мақсатында өздеріне бағынысты органдарда тексеру жүргізуді талап етеді;

10. заңдарда белгіленген жағдайларда жедел-іздеміру шараларын жүргізуге санкция береді.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша прокурорлық қадағалау жүргізу.

I. Қылмыспен күресудің нақты тәсілі жоқ екені және оны түп-тамырымен жойып жіберу мүмкін болмай тұрғаны белгілі.

Әрбір мемлекеттің және оның құқық қорғау органдарының міндеті кәмелетке толмағандардың қылмысымен нәтижелі күресу және оның деңгейін мүмкіндігінше төмендету болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысында кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың тұрақсыз фактор болып тұрғаны белгілі. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар бар қылмыстың 50%-ын артығын құрайды деген сөз.

Облыс прокуратурасы орын алған жағдай құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алудағы жүйесіздіктің салдары және қылмысқа әсер етудің тиісті деңгейде

калыптасқан тәсілдері мен формаларының болмауынан туындаған деген қорытындыға келді. Себебі, облыстағы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың әрекеттері бірікпеген сипатқа ие. Сондықтан, қазіргі таңда облыстық прокуратура органдарының күш жігері кәмелетке толмағандармен жасалған құқық бұзушылықпен, қылмыстың алдын-алуда тиімді шаралар қолдануға шоғырланған.

Өткен жылы облыстық прокуратурада кәмелетке толмағандардың қылмысымен күрес мәселесіне арналған 3 үйлестіру кеңесі өтті. Мұндағы мақсат-кәмелетке толмағандардың істері бойынша прокурорлық қадағалау жүргізудің деңгейін көтеру.

Кәмелетке толмағандардың заңды бұзу фактілерін алдын алуда кәмелетке толмағандар істері бойынша комиссияның (инспекцияның) ролі үлкен. Комиссияның шығарған шешімдеріне қадағалауды прокуратура органдары жүргізеді. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша прокурорлық қадағалаудың мәні ІІО-дағы кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізетін инспекциямен тығыз байланысты жұмыс жүргізу.

Прокурорлар кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды. Оларды қорғау тәсілдері (құралдары) заңды бұзу фактілерін анықтау және жоюға бағытталған жалпы қадағалау, азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық құралдар.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларды алдын-ала тергеу және сот талқылауын жүргізу кезінде анықтауға тиісті:

1. кәмелетке толмағанның жасы (туған күні, айы, жылы);
2. кәмелетке толмағанның тұрмысы мен тәрбие жағдайы;
3. интеллектуалдық, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінез ерекшеліктері, мұқтаждары мен мүдделері;
4. кәмелетке толмағандарға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы.

Сезікті, айыпталушы кәмелетке толмағанның құпиялыққа құқығы қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық кезеңдерінде сақталуы тиіс.

Ересектермен бірге қылмыс жасауға қатысқан кәмелетке толмағанға қатысты іс алдын-ала тергеу сатысында жеке іс жүргізуге бөлінеді.

Кәмелетке толмағанға қатысты жеке іс жүргізуге бөлу істің жағдайын жан-жақты және объективті зерттеу үшін айтарлықтай кедергі жасауы мүмкін болатын жағдайларда ересектермен тартылған кәмелетке толмаған айыпталушының қолданылады.

Кәмелетке болмаған сезікті, айыпталушы тергеушіге немесе сотқа оның ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері, арқылы олар болмаған жағдайда қорғаншы және қамқоршы органдар арқылы шақырылады.

Арнаулы балалар мекемесінде немесе қамауда ұсталатын кәмелетке толмаған ол ұсталатын орынның әкімшілігі арқылы шақырылады.

Кәмелетке толмаған айыпталушыдан сезіктіден жауап алу қорғаушысының, заңды өкілінің ал қажет болған жағдайда психологтың, педагогтың қатысуымен жүргізіледі. Қорғаушы жауап алушыға сұрақтар қоюға, ал жауап алу аяқталғаннан кейін-хаттамамен танысуға және айғақтар жазбасының дұрыстығы мен толықтығы туралы ескертулер жасауға құқылы.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша қорғаушының қатысуы міндетті.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша қорғаушының қатысуына кәмелетке толмағаннан сезікті немесе айыпталушы ретінде алғашқы жауап алынған кезден бастап, ал айыпталғанға дейін ұсталған не қамауға алынған жағдайда ұсталған рұқсат етіледі.

Егер кәмелетке толмаған сезікті айыпталушы немесе олардың заңды өкілдері адвокатпен келісім жасаспаса, тергеуші, прокурор, сот ісі бойынша қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Сезікті айыпталушы кәмелетке толмағандарға бұлтартпау шаралары қолданылуы мүмкін.

Кәмелетке толған сезіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шараларын қолдану туралы мәселені шешу кезінде әрбір жағдайда кәмелетке толмаған сезіктіні, айыпталушыны кісі қарауына беру тәрізді таңдау мүмкіндігі талқылануы тиісті.

Бұлтартпау шарасы ретінде қамау, сондай-ақ ұстау кәмелетке толмағанға ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде ғана ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағанды алдын-ала тексеру сатысында қамауда ұстаудың мерзімі 6 айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандар бөлек ұсталады.

Тұтқындау, қамау немесе қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы кәмелетке толмағанның ата-аналары немесе оның басқа да заңды өкілдері, ал олар болмаған жағдайда жақын туыстары дереу хабардар етіледі.

Кәмелетке толмағанға үкім шығару кезінде бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ шартты соттау жаза тағайындау туралы, жазадан босату туралы мәселені талқылауға міндетті.

Бас бостандығынан айыруға байланысы жоқ шартты соттау жаза шараларын қолдану, кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы тәрбие беру мекемесіне орналастыру не тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану жағдайларында сот бұл туралы мамандырылған мемлекеттік органға хабарлайды және оған сотталушының мінез-құлқына бақылау жасауды жүзеге асыруды жүктейді.

Заңды бұзу фактілерінің арасындағы ең қауіптісі кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауы болып табылады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресті дұрыс және нақты ұйымдастыру өзекті міндеттердің бірі.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша қадғалау жүргізуде оларды қылмыстық жаупкершілікке тарту ерекшеліктері:

1. кәмелетке толмағандардың істері бойынша барлық жағдайларда алдын-ала тергеу жүргізу міндеттілігі қамтамасыз ету;
2. кәмелетке толмаған кіші-гірім немесе қоғамға қауіптілігі жоғары емес қылмыс жасағанда, прокурор оған қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға талап етеді;
3. Прокурор қылмыстық істің қозғалуының заңдылығының және негізділігін тексереді.
4. кәмелетке толмағандардың істері бойынша өндіріс жүргізгенде прокурор ҚДЖК-де көрсетілген мән-жайларды ескеруі қажет.
5. бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу тек ерекше жағдайларда ғана қолданылады.
6. прокурор кәмелетке толмағанға қорғанушыны қамтамасыз етілгендігін қадағалайды
7. прокурор айыпталушыны сотқа беру негізділігін қадағалайды.

IV тарау. Прокуратура мен алдын ала тергеу органдарының қарым-қатынасы мәселелері

4.1. Алдын ала тергеу ұғымы

Айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы. Қылмыс фактісі бойынша іс қозғау айыпты адамның бір мезгілде табылуымен үнемі бірдей ұласа бермейді. Мысалы, банк мекемесіне қарулы шабуыл жасалғаны ішкі істер органдарына қылмыскерлер бой тасалап үлгергеннен кейін мәлім болды. Іс бойынша жинақталған барлық дәлелдер қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілерінің бар екенін дәлелдейді. Егер барлық ықтимал тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін кінәлі адамдар табылмаса, ал одан әрі тергеу олардың қатысуынсыз жаңа дәлелдер бермейтін болса, онда іс бойынша іс жүргізуді кінәлілер анықталғанға дейін тоқтата тұрған жөн.

Айыпталушының тергеуден немесе соттан жасырынып қалуы, не оның тұрақты жерінің басқа себептермен анықталмауы. Айыпталушыға қатысты жолын кесу шарасы тандалуы мүмкін. Адамның жай - күйін, отбасы жағдайын, жасалған қылмыс ауырлығының дәрежесін ескере отырып жолын кесу шарасын қолданбауға болады. Сонымен қатар, жолын кесудің таңдап алынған шарасы айыпталушының бостандығын шектеумен байланысты болмауы мүмкін. Егер бұл жағдайларда айыпталушы тергеу мен соттан жасырынып қалған болса, ал іс бойынша одан әрі іс-жүргізу оның қатысуынсыз мүмкін болмаса, онда іс жүргізу айыпталушы іздеп табылғанға дейін тоқтатыла тұрады [2].

2. Айыпталушыны қылмыстық ізге түсу иммунитетінен айыру не оны шетелдік мемлекеттердің ұстап беруі туралы мәселенің шешілуіне байланысты айыпталушының іске қатысуының нақты мүмкіндіктерінің болмауы. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамдар: Қазақстан Республикасының Президенті (айып тағу және оны тергеу туралы шешім Мәжіліс депутаттарының дауыс беруі жолымен шешілуі мүмкін; айыптаудың тергелуін Сенат ұйымдастырады); Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты өз өкілеттігінің мерзімі ішінде (оны қылмыстық жауапқа тартуға келісімді, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, істі Палатаға береді); Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде (оларды қылмыстық жауапқа, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімімен тартуға болады); судьялар (оларды қылмыстық жауапқа, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен не Сенат келісімімен ғана тартуға болады); Республиканың Бас Прокуроры (қылмыстық жауапқа Сенаттың келісімімен тартылады); сондай-ақ шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің мүшелері.

Адамды иммунитеттен айыру туралы мәселе түрлі мерзімдерде шешіледі, сол мерзімдердің бітуі іс жүргізу мерзімдерін есептеуге ықпал етеді. Осыған байланысты иммунитеті бар адам болмаған жағдайларда жүзеге асыруға болатын барлық іс-әрекеттер жасалғаннан кейін істі иммунитет туралы мәселе шешілгенге дейін тоқтата тұрған жөн [3].

Айыпталушының заңда көзделген тәртіппен куәландырылған уақытша психикалық сырқаты немесе өзге де ауыр науқасы. Аталған жағдайларда қылмыстық істі тоқтата тұру емдеудегі адамның қатысуынсыз дәлелдер жинаудың барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдалануды қажет етеді. Емдеудің қаншама уақытқа созылатынының белгісіз болуы іс

жүргізу мерзімдерінің сақталуына теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан іс жүргізуді осы негіз бойынша тоқтата тұру жүктелген міндеттердің орындалуын талап етудің процеске қатысушыларға берілген кҰқығын барынша сақтауға мүмкіндік береді [4].

Айыпталушының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден табу. Істің жүргізілуін осы негіз бойынша тоқтату алдында айыпталушының қатысуын қажет етпейтін барлық іс жүргізу әрекеттері жүзеге асырылады. Барлық іс жүргізу мүмкіндіктері біткен кезде іс тоқтатыла тұрады, қажет болса, осы сәттен бастап республикадан тыс жердегі адамды шақыртып алу шаралары қолданылады. Шақыртып алу қылмыстық процесті жүргізуші орган айыпталушының елден тысқары жерге белгілі бір тапсырмамен жіберген (мысалы, іскерлік іс-сапар) органның басшысы атына жолдаған өтініш негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы тандап алынған болса, онда Қазақстан қатысушысы болып табылатын қолданылып жүрген халықаралық келісімдер негізінде, қылмыстық процесті жүргізуші органның (адамның) жеке тапсырмасы бойынша айыпталушы тұрып жатқан жерден шығарылып, бұлтартпау шарасы туралы қаулы шығарған органға мәжбүрлеп жеткізілуі мүмкін [5].

Соттың сол қылмыстық істе қолданылуға тиісті заңды немесе адам мен азаматтың Конституция бекіткен құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тануды ұсынып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабына сәйкес Конституциялық Кеңес өтініштің мәні бойынша өз шешімін шығаратын ең ұзақ мерзім—сол өтініш Конституциялық Кеңеске келіп түскен күннен бастап бір ай. Осыны негізге алғанда, осы негіз бойынша іс тоқтатыла тұратын мерзім бір айдан кем болмауға тиіс.

Қылмыстық іс бойынша істің одан әрі жүргізілуіне уақытша бөгет жасайтын тежеусіз күштің орын алуы. Тежеусіз күш деп сол жағдайдағы төтенше немесе тосқауыл қоюға болмайтын оқиға танылады (табиғат апаты, қоғамдық құбылыстар, мысалы: су тасқыны, жер сілкінісі, әскери қимылдар және т.т.). Қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге, іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға мүмкіндік болмауы өкілетті адамның заңды талаптарын орындамағаны үшін адамнан қылмыстық іс жүргізушілік жауапкершілікті алып тастайды. Сонымен бірге тергеу мен сот керек еткен адамдардың келмеуі себепті қылмыстық процесті одан әрі жүргізудің мүмкін болмауы сот ісін жүргізу мақсаттарына жетуге бөгет жасайды. Осыған байланысты бұл негіз бойынша істі тоқтата тұру процеске қатысушылардың статусын оларға ешбір зиян келтірместен сақтауға мүмкіндік береді [6].

Істі тоқтата тұру толық көлемінде немесе ішінара жүзеге асырылады. Істі ішінара тоқтату іс бойынша екі және одан көп айыпталушы өтетін жағдайларда орын алады, бұл жағдайда істі ішінара тоқтату іс бойынша өтетін өзге адамдар жөнінде процестің одан әрі жалғастырылуына бөгет болмауға тиіс [7].

Істі тоқтата тұру үшін заң негізі қылмыстық процесті жүргізуші адамның қаулысы болып табылады. Істі жалғастыру да тиісті қаулымен жүзеге асырылады, ол істі тоқтата тұру қажет болмай қалғанда, тоқтата тұру үшін негіз болған мәселелер (мысалы, айыпталушыны іздеу, айыпталушы ретінде тартылуға тиісті адамды анықтау, тежеусіз күшті жою және т.т.) шешілгенде қабылданады. Істі тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі [8].

Тоқтатып қойылған іс бойынша мерзімнің ескіруі жағдайында ол қысқартылады.

4.2. Қылмыстық істі қысқарту мен алдын – ала тергеуді тоқтату кезіндегі прокурордың өкілеттілігі мәселелері

Қылмыстық істі қысқарту — соттың немесе қылмыстық ізге түсу органының іс жүргізу қызметінің аяқталғаны туралы шешімі. Қылмыстық істі қысқарту тек заңда көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады, ол негіздер мыналар:

ҚІЖК-тің 37-бабына сәйкес қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар;

ҚДЖК-тің 38-бабына сәйкес қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар. Қылмыстық істі қысқартудың заңды негізі соттың, тергеушінің, анықтаушының, прокурордың қаулысы болып табылады, оның көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі. Қылмыстық іс қысқартулардың алдында сезіктіге, айыпталушыға істі қысқарту негіздері, сондай-ақ олардың заңда көзделген негіздер бойынша істің қысқартылуына қарсылығын мәлімдеу құқығы түсіндіріледі. Қылмыстық істің жалғастырылуына негіздердің пайда болуы қылмыстық істің тоқтатылуын бұзу туралы қаулы қабылдануын қажет етеді. Істі жалғастыру қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіруі шегінде жүзеге асырылады. Қылмыстық істі қысқарту немесе оны қайта жаңғырту туралы шешімнің қабылдануы заңдылыққа прокурорлық қадағалаудың нысаны болып табылады. Іс заңсыз тоқтатылған немесе қайта жаңғыртылған жағдайларда прокурор өз қаулысымен аталған шешімдердің күшін жоюға және істі одан әрі жүргізуге немесе істі қайта жаңғырту туралы қаулының күші жойылғанда процеске қатысушылардың құқықтарын сақтау жөнінде іс жүргізушілік шаралар қолдануға жіберуге құқылы. Істің қысқартылғаны немесе қайтадан жаңғыртылғаны туралы мүдделі адамдар: сезікті, айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші, оның өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, өз өтініштері бойынша іс қозғалған жеке және заңды тұлға хабардар етіледі. Аталған адамдар істі қысқарту немесе қайта жаңғырту туралы шешіммен келіспеген жағдайда олар белгіленген тәртіппен оған шағым жасалады.

В. 3. Лукашевичтің анықтамасы бойынша заңда көзделген іс жүргізу мерзімдері қылмыстың шапшаң және толық ашылуын, кінәлілердің әшкереленуі мен әділ жазалануын қамтамасыз етуге, яғни қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін әрбір қылмыстық іс бойынша ең қысқа мерзімде, бірақ оны тергеу мен шешудің жан-жақтылығына, толықтығына және объективтілігіне нұқсан келтірместен орындауға бағытталған. Іс жүргізу мерзімдері деп В.Т.Томин мен Р. Х. Якупов сот ісін жүргізудің жеткілікті түрде тез жүргізілуін қамтамасыз ету әдістерінің бірі, сондай-ақ кең мағынасында алғанда белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру үшін белгіленген уақыт деп түсінеді. Кейінірек БҰЛ түсінікке Р. Х. Якупов анықтама енгізді: «Қылмыстық іс жүргізу мерзімдері қылмыстық іс жүргізу қызметінің белгілі бір қарқында жүргізілуін реттейтін, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру құралы болып табылады. Ұйымдастыру құралы ретінде мерзім процеске барлық қатысушылардың іс-қылығын тәртіпке салатын әсер етеді, сөзбұйдаға қарсы күресудің құралы болып табылады. Іс жүргізу мерзімдерін қатаң түрде және дәл сақтау теория мен заң шығару практикасында қылмыстық істер бойынша істердің тез жүргізілуін қамтамасыз ету құралдарының бірі деп саналып келдің [19].

Іс жүргізу мерзімдерін осылаша бір мағыналы, шын мәнінде дұрыс түсіну қылмыстық іс жүргізу заңында тұжырымдалған қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерімен байланысты. Атап айтқанда, ҚДЖК-тің 8-бабында қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерінің бірі ретінде қылмыстарды тез және толық ашу аталған.

Сонымен, ғалымдардың көпшілігі іс жүргізу мерзімдерінің мәнін мынаған саяды:

-сот ісінің тез жүргізілуін қамтамасыз ету құралы;

-сот ісінің белгілі бір қарқынмен жүргізілуін реттеудің ұйымдық құралы.

Жоғарыда баяндалған ережелер қылмыстық іс жүргізу заңымен белгіленген мерзімдерді қандай да болсын іс жүргізу әрекеттерін орындау уақытын шектейтін іс жүргізушілік кепілдіктерінің бір түрі деп белгілеуге негіз береді. Бұл айқындама М. М. Выдряның пікірімен үйлеседі, ол іс жүргізушілік кепілдіктерінің жалпы саяси маңызын бағалай келіп, былай деп жазды: Жалпы мемлекеттік тұрғыдан алғанда іс жүргізушілік кепілдіктерін сот төрелігінің қалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құралдар жүйесі деп санауға болады [21].

Қолданылып жүрген қылмыстық іс жүргізу заңына жасалған талдау іс жүргізу мерзімдері туралы жалпы норма жоқ екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, ҚДЖК-те

мерзімдерді есептеу туралы (54-бап), өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы (45,56-баптар), іс жүргізу мерзімдерін сақтау туралы (55-бап), іс жүргізу мерзімдерін өткізіп алудың құқықтық зардаптары туралы (56-бап), қамауға алудың мерзімдері мен оларды ұзартудың тәртібі туралы (153-бап), алдын - ала тергеу мерзімі туралы (196-бап), үкімге шағымдану мерзімдері туралы (399-бап) және т.б. дербес нормалар бар. ҚІЖК-тегі жүзге жуық нормада қылмыстық процесте уақытты регламенттеудің жекелеген элементтері бар. Жалпы мен жалқының осындай арақатынасы жағдайында мерзімдер мәні, орны және маңызды мәселелерінің және оларды бұзудың құқықтық зардаптарының қате түсіндірілуі мүмкін. Соңғысы заңдылықты сақтау тұрғысынан ерекше маңызды. Мәселен, сотталушының кассациялық шағымды берілген он тәуліктік мерзімді бұза отырып жасаған жағдайда оның заңдық күші болмайды және бірінші сатыдағы сот шығарған үкімнің күшін жою және оны өзгерту үшін тіпті нақты негіздер бар болған жағдайдың өзінде, іс жүргізушілік-құқықтық нәтижелер бермейді. Нақ сондықтан іс жүргізушілік мерзімдерді кепілдіктер түріне жатқызу оларға қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерінің жүйесін қамтамасыз ету тұрғысынан мүлдем ерекше мән береді. Іс жүргізушілік мерзімдерінің қос ұдайылық табиғатына назар аударған Ю. А. Костанов пен В.В.Назаровтың пікірі осы көзқарас тұрғысынан маңызды. Атап айтқанда, олар былай деп жазды [22]: Заңда қандай да болсын іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру немесе іс жүргізу шешімдерін қабылдау мерзімдерін, сот ісін жүргізудің жекелеген сатыларының мерзімдерін көрсету, бір жағынан, іс бойынша іс жүргізілуін тездетудің құралы болып табиғи ады, ал екінші жағынан, процеске қатысушылар құқықтарына кепілдіктер береді, өйткені, біріншіден, іс жүргізушілік мәжбүрлеу шараларының, сондай-ақ жалпы іс бойынша іс жүргізудің мерзімін шектейді, екінші жағынан, жекелеген іс жүргізушілік құжаттарымен (айыптау қорытындысымен, үкіммен, сот отырысының хаттамасымен) танысу үшін қатысушыларға берілуге тиіс уақыттың ең төмен шегін белгілейді.

Келтірілген қолданбалы жай-жапсарлармен қатар іс жүргізу мерзімдерінің жалпы мақсатын белгілеудің маңызы зор. Іс жүргізу мерзімдері — заңды уақытта қолдану нысандарының іс жүргізу міндеттерімен реттелетін құқық қатынастарының кеңістікке ғана емес, сондай-ақ уақытқа қатысты мерзімімен өзара байланыста шешуге бағытталған бір түрі.

Егер жалпы алғанда біртұтас заң ретінде ҚІЖК қолданылуы ол қабылданған және күшіне енген уақыттан заң тәртібімен күші жойылғанға дейін белгіленетін болса, оның жекелеген ережелері нақты нормалардың қолданылуын өз күшін жоймаған жалпы Кодекс шегінде белгілеген. ҚІЖК қолданылатын уақыт — уақыт категориясының жалпы бағыты, оның жекелеген ережелері қолданылатын уақыт — сол категорияның жеке, қолданбалы көрінісі.

Сонымен, заңда іс жүргізу мерзімдерін белгілеудің салалық мақсаты—қандай да болсын іс -әрекеттің дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету. Мысалы, ҚІЖК-тің 183-бабында прокурордың, тергеушінің, анықтау органының жасалған немесе әзірленіп жатқан кез - келген қылмыс туралы арызды немесе хабарды қабылдауға және солар бойынша шешімдер қабылдауға міндетті екені көзделген. Заң осы бөлігінде қылмыс туралы әрбір хабарды және арызды тиісті органның (өкілетті адамның) қарауын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Одан соң 184-бапта арыздар мен хабарлар қаралуға және шешімдер қабылдануға шекті мерзім белгіленген. Бұл жердегі мақсат — қылмыстылар туралы арыздар мен хабарлардың дер кезінде қаралуын қамтамасыз ету.

Іс жүргізу мерзімдерінің негізгі маңызы мынада, олар:

- а) процеске қатысушылардың заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуын;
- ә) сот ісінің тез жүргізілуін;
- б) пәрменді прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз ететін іс жүргізушілік ерекше кепілдіктер береді;

Қылмыстық процесте жүйелеу функциясын орындауға бағытталған құқықтық құрал болып табылады.

Сот ісінің жүргізілуіне белгілі бір қарқын беретін ұйымдық құрал болып табылады.

Іс жүргізу мерзімдерінің белгілері сот ісін жүргізудегі белгілі бір уақыттың бәрінің бірдей іс жүргізушілік маңызы бола бермейтініне байланысты маңызды. Іс жүргізу мерзімдерін өзге мерзімдерден оқшаулайтын негізгі белгілерге мыналар жатады:

Іс жүргізу мерзімдерін белгілі бір құқықтық жағдайларда (мәселен, шағым беруге немесе наразылық білдіруге бөлінген он тәуліктік мерзімнің өтіп кетуі соттың үкімді жүзеге асыруына себеп болады; сезіктіге бұлтартпау шаралары қолданылған сәттен бастап он тәулік өткенге дейін айыпталушыға айып тағылмауы тергеушінің бұлтартпау шараларының күшін дереу жоюына әкеліп соғады) дербес заң фактісі немесе күрделі заң құрамы элементтерінің бірі ретінде тану мүмкіндігі. Іс жүргізу мерзімін заңдық факт ретінде тануға себеп болатын құқықтық жағдай — іс жүргізу қатынастарына қатысушылардың заңмен белгіленген құқықтары мен міндеттерінің пайда болуы немесе доғарылуы түріндегі құқықтық салдарлардың басталуы;

Заңмен белгіленген мерзімдерді сақтау міндеттілігі (ол мерзімдерді сақтамау сот ісін жүргізудегі заңдылық принципін бұзу деп бағаланады), қажет болған жағдайда мәжбүрлеу қолданылуы мүмкін;

Мерзімдерді есептеу мен қалпына келтірудің ерекше тәртібі;

Тергеліп жатқан қылмыстық істің категориясына байланысты мерзімдерді заңмен саралау.

Іс жүргізу мерзімдері негіздерге байланысты түрлерге бөлінеді. Түрлі авторлар түрлі сараптама береді, бірақ бірқатар сараптама негіздері бір-бірімен үйлеседі. Осы жағдайға сүйене отырып, іс жүргізу мерзімдерінің мына түрлерге бөлінуін мүмкін деп санаймыз:

1. Қылмыстық іс жүргізу қызметін регламенттеу әдісіне байланысты негіздер бойынша мерзімдер мына түрлерге бөлінеді: а) мерзім-кез; ә) мерзім-кезең.

Мерзім-кез әрдайым іс жүргізу мерзімдері белгіленбеген әлдебір іс жүргізу әрекетімен үнемі байланысты. Мерзімдердің бұл түрін іс жүргізілетін уақытты көрсететін ерекше терминология бойынша белгілеуге болады. Сондай терминдердің анықтамалары мыналар ңкезең (мысалы, ҚІЖК-тің 70-бабына сәйкес, қорғаушы айып тағылған кезден бастап іске қатысуға жіберіледің немесе ҚІЖК-тің 69-бабы бойынша нөзінен алғашқы жауап алудың алдындағы кезден бастап қорғаушымен жолыға аладың); кез келген сәтң (мысалы, ҚІЖК-тің 348-бабының 3-бөлігі бойынша нсот сотталушыға нақтылау сұрақтарын жауап алудың кез келген сәтінде қоюы мүмкінң); ндереуң (мысалы, ҚІЖК-тің 142-бабының 1-бөлігі бойынша айыптау сезіктіге бұлтартпау шарасын қолданған кезден бастап он тәуліктен кешіктірілмей айып тағылмаса, бұлтартпау шарасы дереу тоқтатыладың деп белгіленген; ҚІЖК-тің 150-бабының 6-бөлігі бойынша прокурордың санкциясы немесе санкция беруден бас тарту туралы белгісі бар қаулы тергеушіге, анықтаушыға, айыпталушыға (сезіктіге) жолданады және жедел атқаруға жатадың; кідіріссіз термині өзінің мәні жағынан дереу терминіне жақын (мысалы, ҚІЖК-тің 150-бабының 3-бөлігі бойынша бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды тандау туралы қаулы материалдары прокуратураға түскен кезден бастап алты сағаттың ішінде прокурордың кідіріссіз қарауына жатады; тез арадаң терминінің мәні соған ұқсас (мысалы, ҚІЖК-тің 216-бабының 2-бөлігі бойынша қорғаушының қатысуын тез арада қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда тергеуші оның қатысуын сезікті ұсталғаннан немесе ол күзетпен қамауға алынғаннан кейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қамтамасыз етуге міндеттің; аяқталғаннан кейін бірден (мысалы, ҚІЖК-тің 203-бабының 1-бөлігі бойынша тергеу іс-әрекетінің хаттамасы тергеу іс-әрекетін жүргізу барысында немесе ол аяқталғаннан кейін бірден жасалады); әлдебір іс-әрекет басталардың алдында (мысалы, ҚІЖК -тің 203-бабының 4-бөлігі бойынша тергеу іс-әрекетінің хаттамасында ғылыми-техникалық құралдарды қолданудың алдында бұл туралы тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың хабардар етілгені көрсетілуге тиіс); әлдебір іс-әрекеттен кейін

(мысалы, ҚІЖК -тің 258-бабының 2-бөлігі бойышша сараптамалық зерттеудің үлгілері сол адамнан, бірақ аталған іздер қалдырылуы мүмкін жағдайлар туралы одан куә (жәбірленуші) ретінде жауап алғаннан кейін ғана алынуы мүмкін); әлдебір іс-әрекетпен бір мезгілде (мысалы, ҚІЖК -тің 206-бабының 2-бөлігі бойынша тергеуші айыпталушыға айып тағылған күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушыны шақыру құқығын түсіндіреді); іс жүргізу аяқталғаннан кейін (мысалы, ҚІЖК-тің 213-бабының 4-бөлігі бойынша еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға ай); тәмамдалғаннан кейін терминінің мәні аяқталғаннан кейін терминіне жақын (мысалы, ҚІЖК -тің 362-бабының 1-бөлігі бойынша төрағалық етуші дәлелдемелерді зерттеу аяқталғаннан кейін іске қатысушыларға бұдан былайғы іс-қимыл барысын түсіндіреді); әлдебір іс-әрекетке дейін (мысалы, ҚІЖК -тің 214-бабының 1-бөлігі бойынша тергеуші бір іс бойынша шақырылған куәлар, жәбірленушілер жауап алу басталғанға дейін өзара сөйлеспейтіндей шаралар қолданады); уақыт шеңберлері нақты жағдайда негізге ала отырып белгіленетін қандай да болсын жағдайдың өзара байланысты көрсетілетін уақытында (мысалы, ҚІЖК -тің 222-бабының 3-бөлігі бойынша тергеуші уақытында келе алмайтын жағдайда тексеруді анықтаушы немесе арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жүргізеді); кешіктірмей (мысалы, ҚІЖК-тің 235-бабының 5-бөлігі бойышша почта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындаудың күшін бұл шараға қажеттілік жойылған кезде тергеуші немесе прокурор бірақ кез келген жағдайда тергеу аяқталғаннан кейін кешіктірмей жояды); анықталғаннан кейін (мысалы, ҚІЖК -тің 354-бабының 5-бөлігі бойышша төрағалық етуші тараптарға іс үшін мәні бар барлық мән-жайлар анықталғаннан кейін сарапшыға жазбаша түрде сұрақ беруді ұсынады).

Мерзім-кезеңдерді мынадай терминдермен білдіруге болады: әлдебір іс әрекет жасалған күні (мысалы, ҚІЖК-тің 209-бабының 2-бөлігі бойынша айдап әкелінген айыпталушыға айып айдап әкелінген күні тағылады); күндізгі уақытта, бір күн ішінде (мысалы, ҚІЖК -тің 212-бабының 2-бөлігі бойышша жауап алу кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлардан басқасында күндізгі уақытта жүргізіледі; ҚІЖК -нің 212-бабының 3-бөлігі бойынша жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс; белгілі бір уақыттан аспайтын мерзімде (мысалы, ҚІЖК -тің 134-бабының 1-бөлігі бойынша ұсталған адамды анықтау органына немесе алдын ала тергеу органына әкелгеннен кейін үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы хаттама жасайды); белгілі бір уақыт ішінде (мысалы, ҚІЖК -тің 136-бабының 2-бөлігі бойынша ұсталу кезінен бастап жетпіс екі сағаттың ішінде сезіктіге қатысты Қылмыстық іс жүргізу Кодексте белгіленген тәртіппен қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы тандалуға тиіс немесе ол босатуға жатады); белгілі бір тәулік ішінде (мысалы, ҚІЖК -тің 222-бабының 13-бөлігі бойынша тұрғын үйді тексеру тергеушінің қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ кейін оның заңды екенін тексеру үшін жүргізілген тексеру туралы бір тәулік мерзімде прокурорға хабарланады); белгілі бір тәуліктерден кешіктірілмей (мысалы, ҚІЖК -тің 142-бабының 1-бөлігі бойынша айыптау сезіктіге бұлтартпау шарасы қолданылған кезден бастап он тәуліктен кешіктірілмей тағылуға тиіс); белгілі бір сағаттарда (мысалы, ҚІЖК -тің 212-бабының 3-бөлігі бойынша жауап алуды демалуға арналған кемінде бір сағат үзілістен кейін жалғастыруға жол беріледі); белгілі бір мерзімнен аспау (мысалы, ҚІЖК -тің 153-бабының 5-бөлігі бойынша қамауға алу мерзімі қылмыстық заңда көзделген бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімінен аспауға тиіс); белгілі бір айлар мерзімінен кешіктірілмей (мысалы, ҚІЖК -тің 196-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық істер жөніндегі алдын - ала тергеу қылмыстық іс қозғалған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей аяқталуға тиіс) және т.т.

Мерзім-кезеңдер өз тарапынан:

- а) белгісіз мерзімдерге;
- ә) ұзақтығы белгілі мерзімдерге бөлінеді.

Белгісіз мерзімдер, әдетте, сот ісін жүргізудің қандай да болсын іс-әрекет жасалуы қажетті әлдебір кезеңін көрсетеді. Мерзімдердің ең ерте және ең кеш шектері өзара байланысты іс-қимылдар аралығындағы кезеңнің қаншалықты уақытқа созылатынымен айқындалады. Мәселен, ҚІЖК -тің 121-бабына сәйкес заттай дәлелдемелер үкім немесе істі тоқтату туралы қаулы заңды күшіне енгенге дейінгі істе қалады, бұл жағдайда ең ерте мерзім заттай дәлелдемелер іс материалдарына қосылған мерзіммен тұспа-тұс келетіні, ал ең жоғары мерзім үкім заңды күшіне енген уақытпен немесе істі тоқтату уақытымен айқындалатыны мегзелген.

-ұзақтығы белгілі мерзімдерге (немесе белгілі мерзімдер) мерзім-кезеңдер шегінде іс-қимылдар жасалуы қажетті кезеңнің қаншалықты уақытқа созылатынын дәл атап көрсетілуі тән: сағат, тәулік, апта, ай, жыл.

2. Мерзім белгілеу әдісімен байланысты негіз бойынша іс жүргізу мерзімдері мынадай түрлерге бөлінеді: а) заңмен белгіленген; ә) сот ісін жүргізуші өкілетті адам белгілеген.

Заңмен белгіленген мерзімдер заң нұсқамаларын орындаушы нақты өкілетті адамның құқықтық жағдайына қарамастан барлық қылмыстық істер бойынша міндетті. Мәселен, ҚІЖК -тің 184-бабына сәйкес қылмыс туралы арыз немесе хабар қабылдаған прокурор, тергеуші, анықтау органы ол түскен күннен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей шешім қабылдауға міндетті. Қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер алу, құжаттарды немесе өзге материалдарды талап ету, сондай-ақ өзге де іс-әрекеттер жүргізу үшін бұл мерзімнің он тәулікке дейін, ал ерекше жағдайларда — бір айға дейін ұзартылуы мүмкін, ол туралы жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға хабарлануға тиіс.

Өкілетті адам белгілеген мерзімдер уақыт жағынан, заңмен белгіленген мерзімдер секілді, шектеусіз емес. Бұл жағдайда іс-әрекеттерді орындау мерзімі туралы шешімді қабылдауға өкілетті адам құқылы. Мысалы, ҚІЖК-тің 153-бабында аудандық (қалалық), облыстық прокурорлар мен оларға теңестірілген прокурорлардың қамауға алуды ұзартудың түрлі құқықтары көзделген: үш айға дейінгі, алты айға дейін. Мұның өзі тиісті прокурор ең жоғары мерзімнен аса алмайтынын, бірақ ең жоғары мерзім шегінде одан аспайтын кез келген мерзім белгілей алатынын білдіреді.

3. Іс жүргізушілік кепілдіктер жасалуына байланысты негіз бойынша мерзімдер мынадай түрлерге бөлінеді: а) сот ісінің тез жүргізілуінің кепілдері; ә) процеске қатысушылар құқықтары мен заңды мүдделері сақталуының кепілдіктері; б) пәрменді прокурорлық қадағалаудың жүзеге асырылатынының кепілі.

Сот ісінің тез жүргізілуінің кепілдіктері ретіндегі мерзімдер жалпы іс жүргізушілік маңызы бар бірқатар нормаларда орнықтырылған. Оларға мына мерзімдер жатады: қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу мерзімі (ҚІЖК -тің 184-бабы), ондағы ең төмен мерзім — жиырма төрт сағат, ең жоғары мерзім — бір ай; анықтау және алдын - ала тергеу мерзімі (ҚІЖК -тің 196, 285-бабы); істі апелляциялық сатыларда қарау мерзімі (ҚІЖК -тің 399-бабы) және т.т.

Процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделері сақталуының кепілдіктері ретіндегі мерзімдер, әдетте, адамның, сот ісін жүргізудегі құқықтық жағдайының мәселелеріне белгілі бір жағдайда қатысты іс жүргізу әрекеттерін орындауға бағдарланған. Бұл түрге: сезіктіні ұстау және одан жауап алу (ҚІЖК -тің 68-бабы); айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесін табыс ету (ҚІЖК -тің 284-бабы); процеске қатысушылардың шағымдарын қарау (ҚІЖК -тің 399-бабы) мерзімдері мен т.б. мерзімдер жатады [23].

Пәрменді прокурорлық қадағалау жүзеге асырылатынының кепілі ретіндегі мерзімдер қылмыстық процесті жүргізуге өкілетті органдар мен адамдардың заңдылықты сақтауын қадағалау үшін тиімді жағдайлар жасау мақсатын көздейді. Бұл түрде: анықтау органы бастығының анықтау мерзімін ұзартуы туралы прокурордың хабардар ету (ҚІЖК-тің 285-бабы); қылмыстық іс қозғау, істі іс жүргізуге қабылдау, анықтауды тоқтата тұру

немесе қысқарту туралы қаулылардың көшірмелерін прокурорға жіберу ҚІЖК-тің 188, 50, 51-баптары) сияқты және басқа мерзімдер бар.

Іс жүргізу мерзімдерінің келтірілген түрлері одан әрі саралауға арналған негіздердің бәрін түгел қамтымайтынын айта кету керек. Одан әрі саралау іс жүргізу мерзімдерінің қылмыстық процестегі орны мен маңызын неғұрлым терең түсіну мен ұғыну үшін алғы шарттар жасау үшін қажет.

Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту мен қалпына келтіру тәртібі ҚІЖК -тің 56-бабында регламенттелген. Жалпы ереже бойынша дәлелді себептермен өткізіп алынған мерзім мүдделі адамдардың өтініші бойынша, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың немесе іс жүргізіп отырған судьяның қаулысымен қалпына келтірілуі мүмкін. Дәлелді себептер жеңу немесе кейінге қалдыру мүмкін емес оқиғалар болуы мүмкін, мысалы, ауыр сырқат, табиғат апаты, жұмыс бастылық және т.т. Осы айтылғанға орай егер шағым немесе өзге құжат мерзім өткенге дейін почтамен, жеделхатпен, ал қамаудағы адамдар үшін — бас бостандығынан айыру орындарының әкімшілігі арқылы жіберілген болса, мерзім өткізіп алынды деп саналмайтыны туралы заң ережесінің зор маңызы бар. Құжаттар жіберілген мерзімді почта штемпелі бойынша анықтауға болады.

Кейбір іс жүргізу әрекеттері бойынша бастапқыда көзделген мерзімдер ұзартылуы мүмкін. Өзарту негіздері ҚІЖК-те жеткілікті түрде толық көрсетілген. Жекелеген мерзімдердің (мысалы, алдын ала тергеудің, адамға қамауға алу шарасын қолданудың) шұғылдығын дәлелдер жинау ерекшелігімен түсіндіруге болады. Мерзімдерді ұзарту механизмінің ерекшелігі — қылмыстық процесті жүргізуші адамдар өкілеттіктерінің тандап алынатындығы. Мәселен, адамға қамауға алу шарасының қолданылуын аудандық, қалалық прокурор, оларға теңестірілген әскери және өзге прокурорлар үш айға дейін ұзарта алады. Мерзімді алты айға дейін ұзартуға облыс прокуроры, оған теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары өкілетті (ҚІЖК -тің 153-бабы).

Мерзімнің ұзартылуы қаулымен ресімделеді. Бұл жағдайда қаулы алдын - ала тергеу мерзімін ұзарту тәртібіне ұқсас қабылданады.

Алдын ала тергеуде қылмыстық іс жүргізу мерзімін өткізіп алу.

Іс жүргізу мерзімдерінің мәнділігі оларды өткізіп алудың нәтижесінде пайда болатын құқықтық салдарлардың сипатынан айқын көрінеді.

Сот ісінің шапшаң жүргізілуінің кепілі ретінде мерзімнің өтіп кетуінің мынадай зардаптары болуы мүмкін:

1. Белгіленген мерзімнің бастапқы іс жүргізу маңызының жойылуы мүмкін. Мәселен, ҚІЖК-тің 399-бабында апелляциялық шағым жасау мен сот үкіміне наразылық білдірудің он тәуліктік мерзімі көзделген. Шағым жасау мен наразылық білдіру құқығын жүзеге асырудың нәтижесі, мысалы, заңсыз үкімнің күшін жою және істі жаңадан тергеуге немесе сотта қарауға беру болуы мүмкін. Аталған мерзімнің өтіп кетуі адамның үкімге шағым жасау, ал прокурордың—оған наразылық білдіру құқығынан айырылуын білдіреді.
2. Іске мүдделі адамдардың іс-қимыл жасауы үшін негіз пайда болуы мүмкін. Мысалы, ҚІЖК -тің 184-бабында қылмыс туралы арыздар мен хабарларды қарау үшін көзделген мерзімдердің өткізіліп алынуы арызданушыға прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының іс-әрекеттеріне шағымдану құқығын береді (ҚІЖК 185-бап, 2-бөлік).
3. Мерзімнің өткізіліп алынуы өзге іс жүргізу шешімін қабылдау үшін негіз бола алады. Мысалы, жасырынып қалған айыпталушыны алдын - ала тергеу мерзімі өткенге дейін іздеп табу мүмкін болмаса тергеушінің іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруы мүмкін (ҚІЖК -тің 50-бабы).

Белгіленген мерзімдерді бұзушыларға іс жүргізушілік ықпал ету шараларын қолдану үшін негіздер пайда болуы мүмкін. Мәселен, сотта істің қаралуы кезінде белгіленген анықтау мен тергеу мерзімдерінің дәлелсіз бұзылуы оған құқық қорғау органы басшысының атына жеке қаулы жіберу құқығын береді (ҚІЖК -тің 59-бабы) [24].

Процесске қатысушылар құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері деп көрсетілген мерзімдердің өтіп кетуінің салдары біршама өзгеше болады.

1. өз құқықтары мен мүдделері бұзылған адамның іс жүргізудегі жағдайы мерзімнің өткізіліп алынуы салдарынан дереу өзгеруі мүмкін. Ол өзгеріс соның пайдасына болуы мүмкін. Мысалы, 153-баптың 8-бөлігіне сәйкес прокурор айыпталушының қамауға алу мерзімін ұзартуға рұқсат береді немесе өтінішті қанағаттандырудан бас тартады. Егер ол ұзартылмаған болса, айыпталушы қамау мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға жатады. Егер қамауға алу мерзімі аяқталғанда айыпталушының одан әрі қамауда ұстау жөніндегі шешім келіп түспесе, қамауда ұстау орны әкімшілігінің басшысы оны өзінің қаулысымен қамаудан босатады (ҚІЖК-тің 153-бабының 9-бөлігі).

1. Мерзімнің өткізіп алынуы өкілетті орган тарапынан тәртіп бұзушыға іс жүргізушілік ықдал ету шараларының қолданылуына әкеліп соғуы мүмкін. Мысалы, ҚІЖК-тің 158-бабына сәйкес сезікті, айыпталушы, сондай-ақ куә мен жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда алып келуге (мәжбүрлеп әкелуге) ұшыратылуы мүмкін.

Пәрменді прокурорлық қадағалаудың жүзеге асырылуының кепілі болып табылатын мерзімдердің өткізіп алынуының ерекше іс жүргізушілік-құқықтық салдарлары болуы ықтимал. Қадағалау қызметінің мәні прокурордың іс жүргізушілік ықпал ету шараларын қолдануы ретіндегі сол салдарлардың сипатын айқындайды. Аталған салдарлардың процесске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдік беруге бағытталған мерзімдерді бұзудың салдарларымен ұқсастығы көп.

2. Белгіленген іс жүргізу мерзімдерінің аяқталуы іс жүргізу әрекеттерінің жарамсыз, заңды күші жоқ деп танылуына әкеліп соғады. Ондай әрекеттер іс жүргізу әрекеттері статусынан айырылады және олардағы мәліметтерді дәлелдеу мақсатында пайдалануға болмайды.

1. Өткізіліп алынған мерзімді қалпына келтіру мақсатында шағым берілген жағдайда шешімнің орындалуы өткізіліп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы мәселе шешілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

2. Өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру жөніндегі арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда ол шешімге реттелетін құқық қатынастарының әрбір бөлігі үшін белгіленген тәртіппен шағым жасауға, наразылық білдіруге болады.

4.3. Алдын-ала тергеу кезінде тергеушілер мен анықтама органдарының өзара қатынастары

Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін қылмыстық іс жүргізудің алдын-ала тергеу сатысы басталады, оны жүргізу барысында жасалған қылмыстық жағдайлары анықталады. Ол үшін заң шығарушы алдын-ала тергеуді және жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға бір уақытта тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жүргізуге құқық береді. Тергеу әрекеттерін жедел іздестіру шараларымен толықтыру-қылмыстың жайының, жауаптылықтың дәрежесі мен сипатына ықпал ететін жағдайларының ашылуы үшін, келтірілген залалдың қатерін, қылмысты жасауға итермелеген жағдайларды анықтау және сол аяқталуы үшін қажет.

Өзара қатынастардың процессуалдық нысандарына жататындар: 1) тергеушінің анықтау органына іздестіру және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырма беруі; 2) анықтау органының тергеушіге кейбір тергеу әрекеттерін жүргізуде қолқабыс тигізуі; 3) анықтау органының қылмыскерді анықтауға дейінгі тергеушіге өткізілген істер бойынша жедел – іздестіру шараларының қорытындылары туралы тергеушінің хабарландыру қағазын жіберуі.

Тергеушінің анықтау органына іздестіру және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырма беруі қылмыстар бойынша тергеу жүргізу кезіндегі олардың өзара қатынастарының аса маңызды процессуалдық нысаны болып табылады. Сондықтан да

анықтау органының тергеу мүдделері үшін жедел-ізвестіру мүмкіндіктерін барынша пайдалануды ең алдымен өзара қатынастардың өзі болып саналады.

“Жедел-ізвестіру қызметі туралы” ҚР заңына сәйкес жедел-ізвестіру шараларын жүргізу негіздеріне жататындар:

- 1) қозғалған қылмыстық істің бар болуы – қылмыстық мәселелерді тікелей шешу мүддесінде жедел-ізвестіру әрекеттерін жүргізудің негізі;
- 2) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға белгілі болған мәліметтер:
 - а) дайындалатын, жасалған немесе жасалғанн құқыққа қарсы іс-әрекеттердің белгілері туралы. Сонымен бірге, оны дайындауын немесе жасаушы тұлғалар туралы (қылмыстық істі қозғау туралы мәселені шешу үшін жеткілікті мәліметтер болмаған жағдайларда);
 - ә) мемлекетке, ҚР-ның экономикасы мен экологиялық қауіпсіздігіне қауіп-қатер туғызатын жайлар және әрекеттер туралы;
 - б) анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынған немесе қылмыстық жазадан қашқан тұлғалар туралы;
 - в) із-түссіз жоғалған тұлғалар туралы және танылмағанн мәйіттер табылғанда;

Барлық осы негіздерді 2 топқа бөлуге болады:

- 1) қылмыстық мәселелерді тікелей шешуге бағытталған;
- 2) қылмыстық мәселелерді жанама шешуге бағытталған.

Тергеу тәжірибесіне қылмыстық істтер бойынша жедел-ізвестіру сүйемелінің әртүрлі нұсқалары кездеседі. Айта кетсек, тергеуші мен жедел қызметкердің өзара қатынасы іс-бойынша жедел тергеуді жүргізу барысында жиналған материалдарды беру сәтіннен басталуы мүмкін, соған сәйкес қылмыскерлердің құқыққа қарсы қызметі жедел-ізвестіру жолымен құжаттандырылып, олардың толық әшкерленуіне дейінбереді.

Жедел-ізвестіру ісінде айқынсыз қылмысты жасаған күдікті тұлғаларды табу және жедел тексеру бойынша материалдар жасалады. Ол үшін жедел қызметкер жиналған мәліметер негізінде қылмыстық іс бойынша тергеуді жүзеге асыратыны тергеушімен келісілген іс қозғау туралы қаулы шығарады. Оған қылмысты ашу бойынша тергеу-жедел шаралар жоспары қосылады. Одан кейін барлық құжаттар жедел қызметкердің тікелей бастығымен келістіріліп, осындай істі қозғауға рұқсат беруге құқығы бар бастығы баяндалады. Соңғысы оған ұсынылған материалдарды қарап, сараптайды, содан кейін жедел-ізвестіру ісін қозғау туралы қаулы мен алғы шаралар жоспарын бекітеді немесе бекітпейді.

“ҚР ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы” ҚРЗ-на сәйкес ҚР-ның мемлекеттік, әскери, экономикалық немесе экологиялық қауіпсіздігіне қауіп-қатер тудыратын жайлар және әрекеттер туралы ақпараттарды табу міндеті жүктелген. Бірақ бұл мәліметтер ішкі істер органдарының жедел бөлімдерімен барлау-іздеу жұмыстарын жүзеге асыру барысында да, өз құзіреті шеңберінде әртүрлі объектілерге жедел қызмет көрсету кезінде де, табылуы мүмкін. Осыған орай, “жедел-ізвестіру қызметі туралы” ҚРЗ-на сәйкес бұл мәліметтер тиісті бөлімдеріне берілуі қажет.

Әдетінше, жедел бөлімнің қызметкерлері жедел-ізвестіру қызметі барысында жедел қызығушылық танытатын тұлғалар мен фактілер туралы ақпарат алып оны тексереді, өйткені ол аз көлемде, қарама-қайшы, дұрыс емес болуы анықтығы күмән туғызуы, оның тұлға тарапынан бұрмалануы мүмкін (қиялдап, арам ниетпен). Қорытындысында жедел қызметкер иелігінде “сапалы негізделген” құқық түзу белгілері жоқ мәліметтер ғана қалады, яғни кәсіби жедел қызметкер ескеретін, құқыққа қарсы іс-әрекетке анық және дәл көрсететін нақты жағдайлар болмайды. Осыған байланысты жедел қызметкерге келіп түсетін барлық мәліметтер олардың табылуына қарай қайта тексеріледі, сонымен бірге бір ғана объектіге қатысты мәліметтердің ара-байланысын анықтау үшін олардың өзара қатынасы белгіленеді. Ол үшін мыналар қажет: а) тексерілетін тұлғаның қызметі іс-жүзінде болғандығын немесе жедел аппараттық теріс бағытқа салынуын анықтау; ә) күдікті тұлға қызметінің құқыққа қарсы деп танылуын және ол құқықтың көзқараста қалай саралануы мүмкіндігін белгілеу; б) алғашқы мәліметтерді растап немесе жоққа

шығарып қана қоймай, алғы шаралар туралы мәселені дұрыс шешу үшін қажет болатын бастапқы ақбардың тиісті көлемін де алу.

Ақпараттың жазылуына, тұлғалар мен фактілердің қоғамдық қауіптілігіне, сонымен бірге жұмыстың қажетті көлеміне байланысты жедел қызметкер осындай жағдайда жүргізілетін жедел-ізвестіру шараларының түрлерін анықтайды.

Жалпы ереже бойынша алдын-ала жедел тексеруді жүзеге асыратын жедел қызметкер жазба нысанында ақпаратты бекітуге міндетті, сонымен бірге тиісті жедел-қызметін құжаттарда жүргізілген немесе тексерілген шаралардың қорытындыларын көрсетуі керек. Осы жұмыс барысында алынған бұл құжаттар мен басқа да жоспарлар алдын-ала жедел тексеру ісінде жинақталады.

Алдын-ала жедел тексеру ісі бойынша өндірісті қызметкер байкотпен аяқтайды, онда ол тексеру мақсатына жете алғандығын (қылмыстың алды алынды, қылмыс құрақталды немесе ашылды) жасырынған қылмыскердің ұстағандығы немесе із-түссіз жоғалған тұлғаның табылғандығы, басқа да жедел-дайындаған мәселелердің шешілгендігі көрсетіледі. Егер мақсат орындалса және жедел қызметкердің тікелей бастығынан қарардағы істі тоқтату бойынша рұқсат алынса, онда сол бастықтың жазбаша нұсқауы бойынша ол архивке өткізіледі.

Алдын-ала жедел тексеру жинақталған материалдарды ЖІК-ті объектілерінің құқыққа қарсы құқығының алдын-алу, сонымен бірге қылмыстық ниеттерді, қылмысқа дайындау әрекеттерін ауыздықтау үшін пайдаланушы аяқталуы мүмкін. Құқық бұзудың нақты белгілері бар жиналған материалдарды, оларды заңдастыру арқылы кінәлілерді жауапқа тарту үшін де пайдалануға болады.

Тергеушінің анықтау органына тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы тапсырмасы да қылмыстар бойынша тергеу жүргізуде олардың өзара қатынастарының маңызды процессуалдық нысаны болып табылады. Бұл нысанның мүмкіндіктері мыналармен анықталады:

- 1) тапсырмалардың өз шектерімен;
- 2) тергеушінің өндірісінде жатқан істер бойынша тергеу әрекеттерінің шеңберімен.

Қылмыстық іс жүргізу заңында тапсырмалардың шетері туралы тікелей нұсқаулар жоқ. Бәрімізге бөлігілі, тергеуші қылмыстар бойынша тергеу жүргізу барысында мүмкіндіктерді аса ұтымды пайдалану үшін өз өндірісінде жатқан іс бойынша барлық тергеу амалдарын тікелей орындайды, ал анықтау органы болса өзінің құзіретін жүзеге асырумен ғана айналысады.

Өзара қатынас қажет болған жағдайда, тергеушідегі істер бойынша тергеу амалдарын жүргізу үшін анықтау органның қызметкерлерін дұрыс тарта білу керек.

Осындай тартудың арқасында тергеу амалдарын жүргізудің жылдамдығы және жеделдігі қамтамасыз етеді, ол барлық тұлғаларды әшкерлеу және олардың қылмыстық қызметінің барлық көлемін белгілеу мақсатында дәлелдемелерді жинау мүмкіндіктерге жол ашады деген сөз. Сонымен бізге, айта кету керек, тергеушінің өндіруінде жатқан істер бойынша тергеу жұмысының едәуір көлемі көбінесе жеткіліксіз негіздерде анықтау органдарының қызметкерлерімен орындалады. Мұндай тәжірибені дұрыс деуге болмайды, өйткені сол немесе басқа тергеу амалдарын жүргізу туралы тапсырмалар көбінесе, олардың көзқарасы бойынша “қара” жұмысынан айналыспау үшін ғана береді. Мұндай тәжірибені тергеуші тарапынан өзінің процессуалдық құқықтары тек теріс пайдаланушылық десек қателеспек едік. Жедел қызметкерлердің мұндай тапсырмаларды көзін жұмып орындарын көбіне осымен түсіндіруге болады.

Тәжірибеде тергеушілер жедел қызметкерлерге сол немесе басқа тергеу амалдарын жүргізудеі тактикалық ой-пікірлермен тапсыратыны аз кездеспейді. Мұндай жағдайларда ұқсас тапсырмаларды алуға жедел қызметкерлердің өздері белсенділік танытатын, таза тез және тиісті санада орындайтыны тән сипат.

Анықтау органдарына тергеу амалдарын жүргізу туралы тергеуші тапсырмаларының тектері деп олардың іздерінің процессуалдық өкілеттерін пайдалану шектерін де түсіну қажет. Осындай жолда алдын-ала тергеуге танысуға анықтау органдарының да ұтымды тартуға қол жеткізуге болады, сонымен бірге заңмен белгіленген басқа да қызметкерлерді орындауға зиян келтірмейді.

Тергеу амалдарына қатысты айтар болсақ, оларды жүргізу үшін тергеуші анықтау органына бірігіп жатқан істермен шешілетін мәселелердің нақты жағдайларына қатысты тапсыра алады. Тәжірибеде бұлардың үлес салмағы едәуір жоғары. Айта кетсек, куәлардың жауап алу анықтау органдарының қызметкерлерімен зерттелген архивтегі қылмыстық істердің 76% бойынша, жәбірленушілерден жауап алу – 42,3% бойынша, тінту – 17,2% бойынша және т.б. жүргізілген.

Тәжірибеде мынадай жағдайлар да кездеседі: әсіресе іздеу амалдарын жүгізу барысында тергеу амалдарын тез арада жүргізу қажеттілігі туындайды және сонымен бірге тергеушімен тез арада байланыс жасауда, одан тиісті тапсырма алуға мүмкіндік болмайды [26].

Осындай жағдайда анықтау органының қызметкерлері тапсырманың негізінен шығуға, еркін тапсырмада көрсетілмеген, бірақ оған баланысты тергеу амалдарын жүргізуге құқылы ма ?

Бұл сұраққа жоқ деген жауаптың әсерін ұғыну қиын емес. Мәселен, тергеушінің пәтер ұрлығымен айыпталушының қылмысқа қатысушыларын анықтау туралы тапсырмасын орындау кезінде, жедел қызметкерлер олардың біреуі ұрланғанда өткізу сәтінде анықтайды. Мұндай тұлғаны ұстау және оны тінту қажеттігі күмән туғызбайды. Ал, егер олар тергеушімен байланыс орнату үшін және одан тиісті нұсқаулар алу үшін мүмкіндіктер іздей бастаса, онда осы уақыт арасында қылмыскер жасырынып үлгереді.

Тергеушінің тапсырмасында көрсетілмеген, бірақ сонымен байланысты сол немесе басқа тергеу амалдарын жүргізудің себептері туралы жедел қызметкер анықтау органының басшысы атына берілген жазбаша баянға көрсетуге міндетті, өз негізінде ол саты бойынша орындалған тапсырмаларға қатысты барлық материалдармен бірге тергеушіге өткізіледі. Осы баянат қана оның орындалу себебін түсіндіреді [27].

Қорытындылай келе, тергеуші анықтау органына өзінің ерекше құзіретіне жататын тергеу амалдарын жүргізуді тапсыра алмайды. Басқа тергеу амалдарын жүргізуді тергеуші анықтау органына тапсыруға құқылы. Анықтау органының қызметкері – тапсырманы тікелей орындаушы – өз құзіреті шеңберінде тапсырмада көрсетілмеген, бірақ сонымен байланысты тергеу амалдарын жасауға құқылы. Егер тергеушімен тез арада байланысты орната алмаса және одан тиісті тапсырмасын ала алмаса мүмкін болмаса.

Анықтау органының тергеушіге жеке тергеу амалдарын жүргізуге қолғабыс етуі – бұл тергеушінің өзімен орындалатын процессуалдық амалдарына сол органдар қызметкерлерінің көмек көрсетуі. Тергеушіге мұндай көмек көрсету қажеттігі оған жалғыз өзіне шынымен аталған тергеу амалын жүзеге асыру қиын болғанда туындайды.

Салық актілерге сәйкес, анықтау органының тергеушіге қолғабыс ету мыналардан көрініс табады:

- 1) жеке тергеу амалдарын ойдағыдай жүргізу шараларын қамсыздандыру;
- 2) тергеушімен жүргізілген жеке тергеу амалына жедел қызметкердің тікелей қатысуы;
- 3) жеке тергеу амалдарын жүргізуге қатысу үшін анықтау органдарына мамандарды бөлу;
- 4) анықтау органының тергеушіге жеке тергеу амалдарын тиісті орындау үшін қажетті ғылыми және техникалық құралдарын ұсынылуы;
- 5) тергеушіге жеке тергеу амалдарын жүгізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында анықтау органының мәжбүрлеу шараларын қолданылуы;
- 6) жеке тергеу жолдарын жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған жедел-іздістіру шараларын өткізу.

Аталған нысандардың әрқайсысын жеке-жеке қарайық:

1) Тергеушімен тергеу амалдарын ойдағыдай жүргізу шарттарын қамтамасыз ету бойынша шараларды анықтау органының қолдануы. Қолғабыс ету нысандарының бұл топтарына жататындар:

- оқиға болған жерді аудандық анықтау органдарының қоршауы және түзетуі. Көбінесе мұндай қажеттілік тергеуші келгенге дейін туындайды, ал мұндай қолғабыс тигізудің дер кезділігі қылмыстық іздерің сақталуы, табылуы және алуы үшін және іс үшін маңызды басқа да айғақтары үшін қажетті жағдайларды туындатады. Полиция қызметкерлері тарапынан оқиға болған жерді қоршау және күзету үшін шаралар қолданбау көбінесе маңызды дәлелдемелердің жоғалуына немесе жоқ болуына әкеліп соғар.
- Тінту жүгізілетін тұрғын үйді, ғимаратты немесе басқа жайды қоршау. Бұл шаралар тұлғаның тінту болар жерден жасырынып қалуына кедергі жасауға, сонымен бірге тәркіленетін объектілерді мүдделі тұлғалардың жасырын алып шығуға, құрту мүмкіндіктерінің алдын-алуға бағытталған. Осындай қолғабыс тигізу туралы талаппен тергеуші анықтау органына тінтуді дайындау және жүргізу кезінде өтініш жасайды.
- Абақтыдағы айыптыны тергеу экспериментін жүгізу жолымен оның мәліметтерін тексеру мақсатында онымен оқиға болған жерге шыққанда, сонымен бірге оның қатысуымен басқа да тергеу амалдарын жүргізу базасында алып жүру және т.б.

2. Тергеушімен жеке тергеу амалдарын жүргізуге жедел қызметкердің тікелей қатысуы. ҚР-ның Қылмыстық іс жүргізу кодексінде тергеушінің жеке тергеу амалдарын жүргізуге тікелей қатысуы үшін анықтау органының қызметкерлерін тарту құқығы туралы тікелей нұсқаулар жоқ. Сол немесе басқа тергеу амалдарын жүргізуге қатыса отырып, анықтау органының қызметкерлері жұмыстың осы амалдың мазмұнын құжаттың бөлігін орындайды. Бірақ, сол немесе басқа тергеу амалын жүргізуге анықтау органы қызметкерлерінің қаншалықты белсенді қатынасымен, тиісті хаттама әрқашанда тергеушінің атынан толтырылуы керек.

3. Жеке тергеу амалдарын жүргізуге қатысу үшін анықтау органдарына жүргізуге қатысу үшін анықтау органдарына мамандарды бөлу. Мұндай мамандар ретінде көбінесе сарапшы-қылмыскер танушылар танылады. Әсіресе мұндай қолғабыс тигізу оқиға болған жерді тексеруді жүргізу кезінде пайдалы. Тергеушінің қылмыскер-танымдық техника саласында жақсы білгенмен, маман-қылмыскертанушы қашанда іс-бойынша дәлелдеме бола алатын заңдарды және қылмыс іздерін табу, белгілеу және алу мақсатында ғылыми-техниканың құралдарын аса тиімді қолдана алады Одан басқа, маманның қатысуы тергеушінің оқиға болған орынды жете зерттеп, жазу үшін қажет уақыты едәуір үнемдейді.

Қолғабыс көрсету дәрежесі бойынша екінші орын жол полициясы қызметкерлеріне тиесілі. Олар жол-көлік оқиғасы істері бойынша оқиға болған жерді тексерудің әр кез келгеніне қатысады.

4. Анықтау органның тергеушіге жеке тергеу амалдарын тиісті орындау үшін қажетті ғылыми және техниканың құралдарын ұсынуы. Тәжірибеде ғылыми және техникалық құралдарын ұсынуы. Тәжірибеде ғылыми және техникалық құралдар жеке тергеу амалдарын жүргізу барысында көбінесе қылмыскер танушы – мамандармен қоданылуына қарамастан, оларды тергеушінің де тікелей пайдаланатын кездері болады. Сондықтан ол анықтау органдарының қызметкерлеріне сол немесе басқа іздестіру құралдарын беру туралы өтініштер жасайы, әсіресе тергеушілер жинақтау органының қарауындағы фото, аудио, бейнеаппаратураны пайдаланады. Сол немесе басқа тергеу амалын жүргізу үшін тергеушіге шаруашылық мақсаттағы заттар мен құралдар (күрек, қайла және т.б.) қажет болып қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда анықтау органдары оларды тергеушіге тауып беруге міндетті.

5. Тергеушіге жеке тергеу амалдарын жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында анықтау органының мәжбүрлеу жолдарын қолдануы. Қолғабыс тигізудің осы түрінің аса кең тараған нысаны болып айыптыны және куәгерді тергеушіге белгісіз себепкермен келмеген жағдайда еріксіз түрде алып келу саналады Ол анықтау органының қызметкерлерінен күдіктіге, айыптыға, куәгерге және жәбірленушіге ескертіледі.

Қорытынды

Қылмыстылықпен күресте алдын ала тергеуді уақытылы және дұрыс ұйымдастыруға кірісу және оны орындау маңызды болып табылады, себебі тек сонда ғана жасалған қылмыс үшін жазадан құтылмаушылық нақты қамтамасыз етіледі. Алдын ала тергеу сатысын тиесілі және уақытылы прокурордың қадағалауы, қылмыстық жаза нәтижелілігінің бірден бір шарты болып табылады. Сондай-ақ, керісінше, алдын ала тергеуді тиесілі және уақытылы қадағаламау сот үкімінің нәтижелілігін тек төмендетіп қана қоймайды, сондай-ақ құқық бұзушылықты алдын алуға теріс әсерін тигізеді.

Қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде алдын ала тергеу сатысын орындауға уақытылы кіріспейтін фактілері де бар, кейбір жағдайларда соттар ішкі істер органдарына үкімнің заңды күшіне енгендігі, үкімді нақты орындауға кірісу ұзақ уақытқа ұзартылатындығы туралы хабарларды белгіленген мерзімде жолдамайды, кейбір үкімдер мүлде орындалмайды және қылмыстық ізге түсу бойынша ескіру мерзімінің өтуіне байланысты заңды күштерін жояды. Бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ ұзақ уақыт

бостандықта жүрген сотталушылардың бір мезгілде аса қауіпті қылмыстарды жасау фактілері де орын алады.

Заңды күшіне енген соттың үкімі мен қаулысы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сезсіз орындалуға жатады. Соттың үкімін, қаулысын орындамау қылмыстық жауапкершілік жүктейді.

Түзеу мекемелерінің қызметінде прокурорлық қадағалау саласынан тыс қалатын бір де бір жер жоқ. Прокуратура органдары сотпен тағайындалған жазаны орындау кезінде адамдардың бас бостандықтан айыру орындарында болуларының заңдылығын, сотталғандарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының, олардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалауды қамтамасыз ете отырып, түзеу мекемелерінде заңдардың орындалуын қадағалау нәтижелілігін ұдайы арттыру жөніндегі іс-шараларды да жүзеге асырады.

Прокуратура органдарына жазаны орындау кезінде бас бостандықтан айыру органдарында ұстау заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру бойынша жүктелген міндеттерді шешу 1985-1986 жж. түзеу мекемелерінде заңдардың орындалуын қадағалау жөніндегі мамандандырылған прокуратуралар құрылғаннан кейін елеулі түрде жандандырылды.

Прокурорлар түзеу мекемелері қызметтеріндегі заңдылықты жиі тексеретін болды, сотталғандарды түзеу және қайта тәрбиелеу мәселелерін тереңірек ұғына білді, заң бұзушылықтарды анықтауға және жоюға бастамашылық білдірді, жазаны өтеу орындарында қылмысты қайталануынан сақтандыратын қылмыстық-құқықтық амалдарды белсене қолдана бастады.

Нәтижесінде, бас бостандықтан айыру орындарындағы арнайы контингент арасында қылмыс пен құқық бұзушылық жылдан жылға азаюда.

Айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы. Қылмыс фактісі бойынша іс қозғау айыпты адамның бір мезгілде табылуымен үнемі бірдей ұласа бермейді. Мысалы, банк мекемесіне қарулы шабуыл жасалғаны ішкі істер органдарына қылмыскерлер бой тасалап үлгергеннен кейін мәлім болды. Іс бойынша жинақталған барлық дәлелдер қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілерінің бар екенін дәлелдейді. Егер барлық ықтимал тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін кінәлі адамдар табылмаса, ал одан әрі тергеу олардың қатысуынсыз жаңа дәлелдер бермейтін болса, онда іс бойынша іс жүргізуді кінәлілер анықталғанға дейін тоқтата тұрған жөн.

Айыпталушының тергеуден немесе соттан жасырынып қалуы, не оның тұрақты жерінің басқа себептермен анықталмауы. Айыпталушыға қатысты жолын кесу шарасы тандалуы мүмкін. Адамның жайкүйін, отбасы жағдайын, жасалған қылмыс ауырлығының дәрежесін ескере отырып жолын кесу шарасын қолданбауға болады. Сонымен қатар, жолын кесудің таңдап алынған шарасы айыпталушының бостандығын шектеумен байланысты болмауы мүмкін. Егер бұл жағдайларда айыпталушы тергеу мен соттан жасырынып қалған болса, ал іс бойынша одан әрі іс-жүргізу оның қатысуынсыз мүмкін болмаса, онда іс жүргізу айыпталушы іздеп табылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Айыпталушыны қылмыстық ізге түсу иммунитетінен айыру не оны шетелдік мемлекеттердің ұстап беруі туралы мәселенің шешілуіне байланысты айыпталушының іске қатысуының нақты мүмкіндіктерінің болмауы. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қылмыстық ізге түсуден иммунитеті бар адамдар: Қазақстан Республикасының Президенті (айып тағу және оны тергеу туралы шешім Мәжіліс депутаттарының дауыс беруі жолымен шешілуі мүмкін; айыптаудың тергелуін Сенат ұйымдастырады); Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты өз өкілеттігінің мерзімі ішінде (оны қылмыстық жауапқа тартуға келісімді, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, істі Палата береді); Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде (оларды қылмыстық

жауапқа, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімімен тартуға болады); судьялар (оларды қылмыстық жауапқа, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Іазақстан Республикасы Президентінің келісімімен не Сенат келісімімен ғана тартуға болады); Республиканың Бас Прокуроры (қылмыстық жауапқа Сенаттың келісімімен тартылады); сондай-ақ шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің мүшелері.

Адамды иммунитеттен айыру туралы мәселе түрлі мерзімдерде шешіледі, сол мерзімдердің бітуі іс жүргізу мерзімдерін есептеуге ықпал етеді. Осыған байланысты иммунитеті бар адам болмаған жағдайларда жүзеге асыруға болатын барлық іс-әрекеттер жасалғаннан кейін істі иммунитет туралы мәселе шешілгенге дейін тоқтата тұрған жөн.

Айыпталушының заңда көзделген тәртіппен куәландырылған уақытша психикалық сырқаты немесе өзге де ауыр науқасы. Аталған жағдайларда қылмыстық істі тоқтата тұру емдеудегі адамның қатысуынсыз дәлелдер жинаудың барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдалануды қажет етеді. Емдеудің қаншама уақытқа созылатынының белгісіз болуы іс жүргізу мерзімдерінің сақталуына теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан іс жүргізуді осы негіз бойынша тоқтата тұру жүктелген міндеттердің орындалуын талап етудің процеске қатысушыларға берілген құқығын барынша сақтауға мүмкіндік береді.

Айыпталушының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден табу. Істің жүргізілуін осы негіз бойынша тоқтату алдында айыпталушының қатысуын қажет етпейтін барлық іс жүргізу әрекеттері жүзеге асырылады. Барлық іс жүргізу мүмкіндіктері біткен кезде іс тоқтатыла тұрады, қажет болса, осы сәттен бастап республикадан тыс жердегі адамды шақыртып алу шаралары қолданылады. Шақыртып алу қылмыстық процесті жүргізуші орган айыпталушының елден тысқары жерге белгілі бір тапсырмамен жіберген (мысалы, іскерлік іссапар) органның басшысы атына жолдаған өтініш негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы тандап алынған болса, онда Қазақстан қатысушысы болып табылатын қолданылып жүрген халықаралық келісімдер негізінде, қылмыстық процесті жүргізуші органның (адамның) жеке тапсырмасы бойынша айыпталушы тұрып жатқан елден шығарылып, бұл тартпау шарасы туралы қаулы шығарған органға мәжбүрлеп жеткізілуі мүмкін.

Соттың сол қылмыстық істе қолданылуға тиісті заңды немесе адам мен азаматтың Конституция бекіткен құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тануды ұсынып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауы. Қазақстан Республжасы Конституциясының 73-бабына сәйкес Конституциялық Кеңес өтініштің мәні бойынша өз шешімін шығаратын ең ұзақ мерзім—сол өтініш Конституциялық Кеңеске келіп түскен күннен бастап бір ай. Осыны негізге алғанда, осы негіз бойынша іс тоқтатыла тұратын мерзім бір айдан кем болмауға тиіс.

Қылмыстық іс бойынша істің одан әрі жүргізілуіне уақытша бөгет жасайтын тежеусіз күштің орын алуы. Тежеусіз күш деп сол жағдайдағы төтенше немесе тосқауыл қоюға болмайтын оқиға танылады (табиғат апаты, қоғамдық құбылыстар, мысалы: су тасқыны, жер сілкінісі, әскери қимылдар және т.т.). Қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бо-йыншакелуге, іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға мүмкіндік болмауы өкілетті адамның заңды талаптарын орындамағаны үшін адамнан қылмыстық іс жүргізушілік жауапкершілікті алып тастайды. Сонымен бірге тергеу мен сот керек еткен адамдардың келмеуі себепті қылмыстық процесті одан әрі жүргізудің мүмкін болмауы сот ісін жүргізу мақсаттарына жетуге бөгет жасайды. Осыған байланысты бұл негіз бойынша істі тоқтата тұру процеске қатысушылардың статусын оларға ешбір зиян келтірместен сақтауға мүмкіндік береді.

Істі тоқтата тұру толық көлемінде немесе ішінара жүзеге асырылады. Істі ішінара тоқтату іс бойынша екі және одан кеп айыпталушы өтетін жағдайларда орын алады, бұл

жағдайда істі ішінара тоқтату іс бойынша өтетін өзге адамдар жөнінде процестің одан әрі жалғастырылуына бөгет болмауға тиіс.

Істі тоқтата тұру үшін заң негізі қылмыстық процесті жүргізуші адамның қаулысы болып табылады. Істі жалғастыру да тиісті қаулымен жүзеге асырылады, ол істі тоқтата тұру қажет болмай қалғанда, тоқтата тұру үшін негіз болған мәселелер (мысалы, айыпталушыны іздеу, айыпталушы ретінде тартылуға тиісті адамды анықтау, тежеусіз күшті жою және т.т.) шешілгенде қабылданады. Істі тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.

Тоқтатып қойылған іс бойынша мерзімнің ескіруі жағдайында ол қысқартылады.

Осы аталған барлық мәселелер дипломдық жұмыста өз шешімін тапқан.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2006 ж. 1 наурыз.
- 2.Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексі. Алматы: Юрист, 2003.
- 3.Ақпарова Р.Н. Қазақстан Республикасының прокуратура органдары. –Алматы: Дәнекер, 2000.
- 4.Нәлібаев А. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару құқығы. Алматы: Дәнекер, 2000.
- 5.Алиев М.М. Прокурорский надзор РК. Оқу әдістемелік материалдары. Жеті Жарғы, Алматы, 2002.
- 6.Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы заңы», Алматы, 2005ж.
- 7.Винокуров Ю.Е. Прокурорский надзор. 3-і басылым. М., 2005.
- 8.Келдібаев М.Х., Огородников А.А. Прокурорский надзор. Оқулық. – Санкт-Петербург, 2002.
- 9.ҚР Бас прокуроры «Азаматтарды ақтау және жазаның орындалу заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы» Заңы. 1999ж.
- 10.Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.Қ., Алиев М.М.. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау. Астана, 2005 ж.
- 11.Прокурорский надзор//под.ред. В.И.Басков М., 1996г.
- 12.Бегалиев К.А. Прокурорский надзор за расследованием уголовных дел. М., 2005 г.
- 13.ҚР Қылмыстық атқару кодексі.(58 бап).
- 14.Басков.В.И. Прокурорский надзор при рассмотрении судами уголовных дел. М., 2002 г.
- 15.Даев В., М.Маршунов Основы теории прокурорского надзора М., 2001г.
- 16.Ролихин В.И., Струканов А.П. Прокурорский надзор за соблюдением законности по делам административных правонарушений. СПб., 2003г.
- 17.Прокурорский надзор.(Жауаптар мен сұрақтар). – М.: Жаңа заңгер,1999.
- 18.Прокурорлық қадағалау/ Ю.Е.Винокуровтың редакциялығымен/.-М., Экзамен, 2000.
- 19.Нәрікбаев М.С. Дорога к правосудию. (запечатленные мгновения)/ Әділ сотқа жол (есте қалған сәттер)/. – Алматы: Елимай контакт. 1997.
- 20.Өтебаев Ғ.Қ. Сотта мүдделерді білдіру. ҚР әділет органдары, мемлекеттік және өзге де ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты. – Астана, 2004. -204б
- 21.Тәуелсіздік жағдайындағы Қазақстанның прокуратурасы. –Алматы, 2001. -218б.
22. ҚР «Прокуратура туралы» Заңы.
23. ҚР «Прокуратура туралы» Заңы.
- 24.Өтебаев Ғ.Қ. Мемлекеттік айыптаушының соттағы сөзі. Оқулық. –Алматы, 2004.
25. ҚР Конституциясы. 30.08.1995 ж. Алматы, Атамұра, 1998ж.
- 26.Ибрагимов Х.Ю. Правоохранительные органы. Оқу әдістемелік құрал. – Алматы: Дәнекер, 2000.
- 27.Скуратов Ю.И. Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы елдерінің құқық қорғау органдарының өзара іс әрекеттері туралы//Прокурорлық және тергеу тәжірибесі журналы. М., 2005, №1.
- 28.Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в РК. Астана, 2000ж.
29. ҚР «Прокуратура туралы» Заңы.
- 30.Скуратов Ю.И. Концептуальные вопросы развития прокуратуры в период правовой реформы в РК// Прокуратура в правовом государстве. Материалы многосторонней встречи, организованной Советом Европы совместно с Ген. Прокуратурой РК. М., 2004ж.
32. ҚР «Прокуратура туралы» Заңы.
34. «Прокуратура органдарын көтеру үшін кадр резервтерімен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық» ҚР Бас прокурорымен бекітіліген.
35. Алиев М.М. Прокурорский надзор РК. Оқу әдістемелік материалдары. Жеті Жарғы, Алматы, 2002.

- 36.ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі. – Алматы: Юрист, 2003. (36 бап).
- 37.Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім.
- 38.Б.І.Төлеубекова. Алматы. Жеті Жарғы 2000ж.
- 39.Ташибаев І.Г. Қылмыстық іс жүргізу. Қарағанда 1997 ж.
- 40.Репкин Л.М. Приостановление предварительного следствия. Волгоград. 1981 г.
- 41.А.Жакишев. Криминалистикалық тактика. Алматы. 2001 ж.
- 42.Б.Р.Белкин. Криминалистика М. 1986 г.
- 43.Гинсбург А.Я. Криминалистическая тактика и методика расследования отдельных видов преступления. Алматы-2000 г.
- 44.Томин В.Т., Якупов Р.Х., Дунин В.А. Процессуальные документы, сроки и судебные издержки в уголовном судопроизводстве. Омск, 1973.С. 19.
- 45.Якупов Р.Х. Уголовно-процессуальные сроки в досудебных стадиях. Горький, 1979. С.6-7.
- 46.Юридический энциклопедический словарь. М., 1984. С. 351.
- 47.Костанов Ю.А., Назаров В.В. Некоторые вопросы регулятивной функции сроков в уголовном судопроизводстве // Вопросы борьбы с преступностью. М, 1984, С. 68.
- 48.Гуляев А.П. Процессуальные сроки в стадиях возбуждения уголовного дела и предварительного расследования. М., 1976.
- 49.КСР Одағы мен РСФСР қылмыстық іс жүргізу заңдары // ред.басқ.з.ғ.д. профессор В.М. Савицкий. М., 1990.
- 50.Бюллетень Верховного суда РК. N8 от 20.06.2001 г. Алматы.